



ПАЙДАЛАНУ
НҰСҚАУЛЫҒЫ

АУДИОЖҮЙЕ

Кіріспе

Mitsubishi Motors өнімдерін сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Осы құрылғының барлық функционалдық мүмкіндіктерін қолдану және оның дұрыс және қауіпсіз пайдаланылуын кепілдендіру үшін алдымен осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығу қажет.

Қажет жағдайда немесе проблемалар туындағанда ішінен қажетті ақпаратты таба алу үшін оқып шыққаннан кейін нұсқаулықты қолжетімді жерде сақтау керек.

Мазмұны

Кіріспе

Қолданар алдында 4

| | |
|--|----------|
| Жауапкершіліктен бас тарту | 4 |
| Пайдалану барысындағы маңызды жайттар | 4 |
| Автокөліктің қозғалысы кезіндегі құрылғыны басқару бойынша шектеулер | 5 |
| Құрылғыны тазарту | 5 |
| Сауда маркалары | 5 |
| Пайдаланушыға арналған қауіпсіздік бойынша маңызды ақпарат | 7 |
| Нұсқаулықты қалай оқу қажет | 8 |

Негізгі функциялар 9

| | |
|---|-----------|
| Құрылғының сипаттамасы | 9 |
| Алдыңғы панель | 9 |
| Пайдаланудың басталуы | 10 |
| Сенсорлық дисплеймен қалай жұмыс істеу керек | 11 |
| ___ тұрткен кезде | 11 |
| Тізім бойынша іздеу | 11 |
| HOME экраны (Басты экран) | 12 |
| Экран элементтері | 12 |
| HOME экранына (Басты экранға) ауысу | 13 |
| Дыбыс көздерін ауыстырып қосу | 13 |

AV

Аудиофункциялар 14

| | |
|--|-----------|
| Негізгі функциялар | 14 |
| Құрылғыны қосу және өшіру | 14 |
| Дыбыс деңгейін реттеу | 14 |
| Компакт-дискіні салу және шығарып алу | 15 |

| | |
|--|-----------|
| Рульдегі қашықтан басқару түймелерін қолдану | 16 |
| Дауыспен басқару | 17 |
| Компакт-дискілермен жұмыс істеу ережелері | 18 |
| Жүйеде істейтін компакт-дискілердің түрлері | 19 |
| Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC) | 20 |
| Қалталар құрылымы | 21 |
| MP3 форматы дегеніміз не? | 22 |
| WMA форматы дегеніміз не? | 23 |
| AAC форматы дегеніміз не? | 24 |

Радиоқабылдағыш 25

| | |
|--|-----------|
| Радио тыңдау | 25 |
| Экран элементтері | 26 |
| Радиостанцияларды жадқа енгізу | 27 |
| Сигналы ең тұрақты радиостанцияны іздеу | 28 |
| Тізімнен радиостанцияларды іздеу | 28 |
| DAB цифрлық радиобағдарларын ойнату ... | 30 |
| Экран элементтері | 30 |
| Радиостанцияларды іздеу | 31 |
| Радиостанцияларды жадқа енгізу | 31 |
| Тізімнен радиостанцияларды іздеу | 31 |

КОМПАКТ-ДИСКІЛЕР 33

| | |
|---|-----------|
| Компакт-дискілерді ойнату | 33 |
| Ойнату тізімін көру | 33 |
| Экран элементтері | 34 |
| Ойнату режимін өзгерту | 35 |
| Компакт-дискіден аудиофайлдарды ойнату | 36 |
| Ойнату тізімін көру | 36 |
| Экран элементтері | 37 |
| Ойнату режимін өзгерту | 39 |

| | |
|--|-----------|
| Эртүрлі форматтағы файлдары бар дискілерді ойнату | 40 |
| Экран элементтері | 41 |

iPod/USB 43

| | |
|---|-----------|
| iPod-ты қолдану | 43 |
| iPod құрылғысындағы жазбаларды ойнату | 44 |
| Экран элементтері | 44 |
| Ойнату режимін өзгерту | 45 |
| Ойнату тізімі бойынша іздеу | 46 |
| USB құрылғыларын қолдану | 48 |
| USB-жинақтағыштағы жазбаларды тыңдау | 49 |
| Экран элементтері | 49 |
| Ойнату тізімін көру | 51 |
| Музыка тізімін шақыру | 51 |
| Ойнату режимін өзгерту | 52 |

Сыртқы құрылғылар 54

| | |
|---|-----------|
| Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыны қолдану | 54 |
| Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыны жалғау | 54 |
| Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғылардағы файлдарды тыңдау | 55 |
| Экран элементтері | 55 |
| Ойнату режимін өзгерту | 56 |
| Сыртқы AUX аудиокірісін қолдану режимі | 57 |
| Көрсетілуі | 57 |

АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАПТАУЛАР

АҚПАРАТ 58

| | |
|-----------------------------------|-----------|
| Мобильді телефон | 58 |
| Мобильді телефонды жалғау | 58 |
| Телефон анықтамалығын қарау | 58 |

| | |
|--|-----------|
| Телефон анықтамалығына жазбалар қосу | 59 |
| Телефон анықтамалығын редакциялау | 60 |
| Телефон нөмірін теру | 61 |
| Кіріс қоңыраулар | 62 |
| Құпиясөзді белгілеу | 63 |
| Өзге ақпарат | 64 |
| Камера | 64 |
| Нұсқа туралы ақпарат | 64 |

БАПТАУЛАР 65

| | |
|--|-----------|
| Дыбыс сапасының баптауы | 65 |
| Бапталатын параметрлер | 65 |
| Жүйе баптаулары | 67 |
| Дыбыс | 67 |
| Сағатты баптау | 68 |
| Тіл | 68 |
| Сыртқы AUX аудиокірісі арқылы жалғанған құрылғыны баптау | 69 |
| Өзге баптаулар | 70 |
| Дисплейді өшіру | 70 |
| Контрастілік | 70 |
| Сағат бастама беті | 70 |
| RDS баптауы | 71 |
| DAB баптауы | 72 |
| Bluetooth баптауы | 72 |

Өзге ақпарат

| | |
|---------------------------------------|-----------|
| Ақауларды іздеу және жою | 75 |
| Хабарлама пайда болса | 75 |
| Ақаулық пайда болса | 77 |

Кіріспе

Төменде осы құрылғыны дұрыс қолдану үшін қажетті ақпарат келтірілген.

Қолданар алдында

Жауапкершіліктен бас тарту

- Mitsubishi Motors өрт, жер сілкінісі, цунами, су тасқыны және басқа да сұрапыл апаттар арқылы келтірілген залал үшін, үшінші тұлғалардың әрекетінен болған; басқа да жазатайым жағдайлардан болған залал үшін; сондай-ақ клиент жасаған сәйкес емес немесе қалыпты емес пайдалану жағдайларынан туындаған залал үшін, яғни қасақана және абайсызда жасалған зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Сондай-ақ осы құрылғыны тиісінше пайдаланбаудан туындаған немесе оның ақаулығы немесе оны жөндеу кезінде немесе осыған ұқсас мән-жайларда орын алған клиенттің немесе үшінші тұлғалардың осы аудиожүйеде сақтап қойған деректерінің өзгеруі немесе жоғалуы үшін өтемақы қарастырылмаған. Біз сақтық шарасы ретінде маңызды деректердің резервтік көшірмесін жасап қоюға кеңес береміз.
- Аудиожүйе жадына енгізілген кейбір жеке деректер (телефон нөмірлері және т. с. с.) тіпті осы құрылғыны шығарып алғаннан кейін де сонда қалып қоюы мүмкін. Клиент осы құрылғыны басқа тұлғаларға берген кезде немесе оны кәдеге жаратқанда құпиялылықты қорғау мақсатында жеке деректердің тиісінше өңделуі және ұйымдастырылуы (өшірілуін қоса алғанда) үшін жауапкершілік көтереді. Mitsubishi Motors ешбір жағдайда бұл үшін жауапкершілік көтермейді.
- Mitsubishi Motors ешбір жағдайда осы құрылғыны пайдалану кезінде немесе қолдану

мүмкін емес болғанда орын алған қосымша шығындар (пайдаларды жоғалту, жазылған деректердің өзгертілуі немесе жоғалтылуы) үшін жауапкершілік көтермейді.

- Өнімдерді жетілдіру мақсатында құрылғының сипаттамалары мен сыртқы түрі алдын ала хабарланбастан өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Сәйкесінше пайдалану нұсқаулығының мазмұнында айырмашылық болуы мүмкін болғандықтан кері қайтарулар, өтемақылар, айырбастау немесе қосымша жабдықтау мүмкін емес екенін ескеру қажет.
- Осы пайдалану нұсқаулығында бірнеше модель бойынша ақпарат бірден берілген. Моделіне байланысты құрылғыда нұсқаулықта сипатталған функциялар болмай шығуы немесе бөлек сатып алынатын құрылғыларға арналған талаптар сипатталған болуы мүмкін. Түсіністік танытқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.
- Бұл нұсқаулықта осы құрылғыны әзірлеу кезінде бар болған немесе таныстыру мақсатында келтірілген суреттер мен иллюстрациялар қолданылған. Бұл кескіндердің Сіздің құрылғыңызда қолданылған актуалды суреттер мен иллюстрациялардан өзгеше болуы мүмкін екенін ескеріңіз.
- Сатудан кейінгі қызмет көрсету бөлімшелерін қоса алғанда Mitsubishi Motors-тың ешбір жағдайда кез келген шығынға немесе залалға алып келген осы құрылғының жадында сақталған ақпараттың кез келген өзгертуі немесе жоғалтылуы үшін жауапкершілік көтермейтініне назар аударыңыз.

Пайдалану барысындағы маңызды жайттар

Жалпы ақпарат

- Автокөлікте жұмыстар жүргізген кезде қозғалтқышы оталып тұрған автокөліктің гараж ішінде немесе желдетілуі нашар жабық кеңістік ішінде орналаспағанына көз жеткізіңіз. Олай болмаса, иіс газынан уланып қалуыңыз мүмкін.
- Қауіпсіздік мақсатында жүргізушіге автокөліктің қозғалысы кезінде құрылғыны басқаруға тыйым салынады. Жүргізушіге сондай-ақ мүмкіндігінше дисплейдегі ақпаратты қарау уақытын барынша қысқарту қажет. Жүргізуші дисплейге алаңдайтын болса, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде дыбыс деңгейін автокөлік сыртындағы дыбыстар естілмей қалатындай деңгейге көтеруге тыйым салынады. Автокөлік сыртындағы дыбыстар естілмейтін болса, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны бөлшектемеңіз және оның құрылымына ешқандай өзгерту енгізбеңіз. Бұның салдары ақаулыққа, түтіннің пайда болуына немесе өрттің шығуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны басқару үшін алдымен автокөлікті аялдауға рұқсат етілген қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
- Қозғалтқышы өшіп тұрған автокөлікте құрылғының ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуі аккумулятор батареясының отыруына алып келуі мүмкін, яғни қозғалтқышы оталдыру мүмкін болмайды. Құрылғының қозғалтқыш оталып тұрған кезде қолданылуын қадағалаңыз.

- Төменде аталып өткен ерекшеліктер СК дисплейлерге тән. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды:
 - дисплейдегі майда қара немесе ашық түсті (қызыл, көк, жасыл) нүктелер;
 - суық ауа райында дисплейдегі графика баяулайды;
 - қоршаған ортаның жоғары температурасында дисплей күңгірттенуі мүмкін;
 - дисплейдің жарықтығы мен түстердің реңкі көру бұрышына байланысты өзгереді.
- Көру бұрышына байланысты кескін сапасының өзгеруі СК дисплейлердің ажырататын ерекшелігі болып табылады. Бұл құрылғыны бірінші рет қолданған кезде кескін сапасын баптап алыңыз.
- Егер дисплейге сатылымда бар қорғаныш үлдірін немесе осыған ұқсас нәрсені жабыстыратын болсаңыз, бұл сенсорлық экранның жұмысын қиындатуы мүмкін.
- Егер сенсорлық экранды үшкір затпен (шарлы қаламсап, үшкір тырнақ және т. с. с.) түртетін болсаңыз, бұл экранда сызаттардың пайда болуына және зақымдалуына байланысты құрылғының дұрыс жұмыс істеуіне алып келуі мүмкін.
- Экранды қолғаппен түрту дұрыс жұмыс істеуге алып келуі мүмкін.
- Дисплейді тазалаған кезде оны жұмсақ матамен сүрту қажет. Осы мақсатта бензинді, бояуға арналған еріткіштерді, антистатиктерді және басқа да химиялық құрамдарды қолдануға тыйым салынады. Бұл дисплейде сызаттардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

iPod/iPhone құрылғыларындағы жазбаларды ойнату функциясы (опция)

- Бұл аудиожүйеде iPod/iPhone құрылғыларынан аудио және бейне ойнатуға болады, алайда алуан түрлі нұсқалардың болуына байланысты файлдардың ойнатылатынына кепілдік берілмейді.
- iPod/iPhone құрылғысының моделіне немесе нұсқасына байланысты оларды басқару тәсілдерінің әртүрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет.

Автокөліктің қозғалысы кезіндегі құрылғыны басқару бойынша шектеулер

Бұл құрылғыны басқарудың кейбір функциялары автокөліктің қозғалысы кезінде жұмыс істемейді. Жүргізушіге автокөліктің қозғалысы кезінде құрылғымен қандай да бір әрекет жасауға кеңес берілмейді. Алдымен автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін құрылғымен әрекеттер жасаңыз.

Құрылғыны тазарту

- Құрылғы ластанған жағдайда оны жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Егер қатты ластанған болса, құрылғыны бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін құрғатып сүртіңіз. Осы мақсатта бензинді, еріткіштерді және басқа да химиялық тазартқыштарды қолдануға тыйым салынады. Олар құрылғының бетін зақымдауы мүмкін.

Сауда маркалары

- Өнімдердің атаулары және басқа да жалқы есімдер тиісті құқық иегерлері бар сауда маркалары немесе тіркелген сауда маркалары болып табылады.
- Тіпті бұл өнімдердің сауда маркаларының немесе тіркелген сауда маркаларының арнайы белгілемелері болмаса да, мұндай құқықтарды толық көлемде сақтау қажет.



Dolby Laboratories лицензиясы бойынша өндірілген. DOLBY және қосарлы D таңбасы Dolby Laboratories сауда маркалары болып табылады.



DTS Licensing Limited лицензиясы бойынша өндірілген. DTS жазуы, DTS таңбасы немесе жазуы және таңба бірге тіркелген сауда белгілері болып табылады, сонымен бірге DTS Neural Surround DTS, Inc. компаниясының сауда маркасы болып табылады. Бұл өнімдер бағдарламалық құралды қамтиды. © DTS, Inc. Барлық құқықтар қорғалған.



PremiDIA HD және PremiDIA WIDE тіркеуге өтініштер беріліп қойған Mitsubishi Electric Corporation компаниясының сауда маркалары болып табылады.



Bluetooth® сөздік белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі. Mitsubishi Motors Corporation компаниясының мұндай белгілерді кез келген қолдануы лицензияланған. Басқа сауда маркалары мен атаулардың құқық иегерлері бар.

Жалғасы келесі бетте

Made for

 iPod  iPhone

«iPod құрылғысына арналған» немесе «iPhone құрылғысына арналған» белгілері электрондық құрылғының iPod немесе iPhone құрылғысына жалғау үшін арнайы әзірленгенін және әзірлеуші тарапынан Apple техникалық стандарттарын сақтау үшін сертификатталғанын білдіреді.

iPhone, iPod, iPod classic, iPod nano және iPod touch – Apple Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі тіркелген тауар белгілері.

Apple компаниясы мұндай құрылғының жұмысқа қабілеттігі үшін немесе оның қауіпсіздік стандарттарына және нормаларына сәйкестігі үшін жауапкершілік көтермейді.

* iPod және iTunes лицензиялары жеке пайдаланушыларға жеке жағдайда авторлық құқықпен қорғалмаған материалдарды, сондай-ақ заңды жолмен көшіруге және ойнатуға болатын материалдарды көрсетуге және ойнатуға мүмкіндік береді. Авторлық құқықты бұзуға тыйым салынады.

* Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктерге арналған қолдау көрсетілетін құрылғылардың айырмашылығы бар. Толығырақ ақпарат автокөліктің пайдалану нұсқаулығында келтірілген.

iPod



iPod
бесінші буыны
(бейне)
60GB 80GB



iPod
бесінші буыны
(бейне)
30GB

iPod classic



iPod classic
160GB (2009)



iPod classic
160GB (2007)



iPod classic
80GB

iPod nano



iPod nano
алтыншы буыны
8GB 16GB



iPod nano
бесінші буыны (бейнекамера)
8GB 16GB



iPod nano
төртінші буыны (бейне)
8GB 16GB



iPod nano
үшінші буыны
(бейне)
4GB 8GB



iPod nano
екінші буыны
(алюминий)
2GB 4GB 8GB



iPod nano
бірінші буыны
1GB 2GB 4GB

iPod touch



iPod touch
төртінші буыны
8GB 32GB 64GB



iPod touch
үшінші буыны
32GB 64GB



iPod touch
екінші буыны
8GB 16GB 32GB



iPod touch
бірінші буыны
8GB 16GB 32GB

iPhone



iPhone 4S
16GB 32GB 64GB



iPhone 4
16GB 32GB



iPhone 3GS
8GB 16GB 32GB



iPhone 3G
8GB 16GB

Пайдаланушыға арналған қауіпсіздік бойынша маңызды ақпарат

Жарақаттарға және меншікті зақымдауға жол берместен дұрыс және қауіпсіз пайдалана алуыңыз үшін бұл құрылғы көрнекі индикациямен, сондай-ақ пайдалануға қатысты нұсқаулармен жабдықталған.

⚠ ЕСКЕРТУ

Осы құрылғыны пайдалану бойынша ұсыныстарды орындамаған жағдайда жоғары жарақаттану немесе мерт болу қаупінің бар екенін көрсетеді.

⚠ САҚТАНДЫРУ

Осы құрылғыны пайдалану бойынша ұсыныстарды орындамаған жағдайда жарақаттану немесе меншікке зақым келтіру қаупінің бар екенін көрсетеді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- **Қозғалыс кезінде жүргізушінің дисплейге қарамағаны жөн.**
Бұл жүргізушіні жолдан аландатып, апатқа алып келуі мүмкін.
- **Жүргізуші қозғалыс кезінде күрделі операцияларды орындамауы қажет.**
Қозғалыс кезінде күрделі операцияларды орындаған жағдайда жүргізушінің назары жолды қадағалаудан бұрылып, апат орын алуы мүмкін.
Сондықтан мұндай операцияларды орындамас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып алу қажет.
- **Ақаулы құрылғыны, мысалы, дисплейдің көмескі жарығы қосылмай немесе дыбысы естілмей тұрғанда қолданбаңыз.**
Бұл жазатайым жағдайға, өртке немесе электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.
- **Аудиожүйеге судың немесе басқа объектілердің кірмеуін қадағалаңыз.**
Бұдан құрылғы түтіндеуі немесе өрт шығуы, электр тогы соғуы немесе құрылғы бұзылуы мүмкін.
- **Компакт-дискілерге арналған ұяшыққа бөтен заттарды сұғуға тыйым салынады.**
Бұдан өрт шығуы, электр тогы соғуы немесе құрылғы бұзылуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


- **Аудиожүйеге бөтен заттардың немесе судың кіруінен пайда болған ақаулықтар жағдайында, түтін немесе бөтен иіс шыққан жағдайда аудиожүйені пайдалануды дереу тоқтатыңыз және MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.**
Егер құрылғыны пайдалануды жалғастырсаңыз, бұл жазатайым жағдайға, өртке немесе электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.
- **Құрылғыны бөлшектемеңіз және оның құрылымына ешқандай өзгерту енгізбеңіз.**
Бұл оның бұзылуына, өртке немесе электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.
- **Найзағай ойнаған кезде антеннаға немесе аудиожүйеге қол тигізуге тыйым салынады.**
Бұл найзағайдан электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- **Бұл құрылғының желдету саңылауларының немесе жылу бұрғыштарының бетін жабуға тыйым салынады.**
Желдету саңылаулары немесе жылу бұрғыштары жабылған жағдайда құрылғы ішіндегі қызу бұрып әкетілмейді, бұл өртке немесе ақаулыққа алып келуі мүмкін.
- **Қозғалыс кезінде дыбыс деңгейін автокөлік сыртындағы дыбыстар естілмей қалатындай деңгейге көтеруге тыйым салынады.**
Автокөлік сыртындағы дыбыстар естілмейтін болса, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- **Компакт-дискіге арналған ұяшыққа қолыңызды немесе саусақтарыңызды сұқпаңыз.**
Жарақат алуыңыз мүмкін.

Нұсқаулықты қалай оқу қажет

Бұл нұсқаулықта төмендегі құрылым және белгілемелер қолданылады:



1) Бөлімнің тақырыбы

Негізгі функцияларды біріктіреді.

2) Тараудың атауы

Бөлімнің тақырыбында көрсетілген негізгі функциялардың толық сипаттамасын біріктіреді. Тараудың атауы әрбір тараудың басында көрсетіледі. Оң жақта мазмұн тармағы келтірілген.

3) Негізгі тақырып

Тараудағы негізгі операциялар мен функцияларды біріктіреді.

4) Аралық тақырып

Негізгі тақырыптың астындағы операциялар мен функцияларды біріктіреді.

5) Қосымша жабдық

Автокөліктің моделі мен жинақтамасына байланысты өзгеше болуы мүмкін жабдықты көрсетеді.

6) Екінші кезектегі тақырып

Аралық тақырыптың астында толығырақ операциялар мен функцияларды біріктіреді.

7) Операциялар реті

Реттік нөмірлер операциялардың ретін білдіреді. Операцияларды осы цифрлармен белгіленген ретпен орындаңыз.

8) немесе

Басқару панеліндегі түймені білдіреді.

9) немесе

Дисплейде көрсетілетін сенсорлық панель түймесін білдіреді.

10) (000-бет)

Тиісті түсіндірмелер берілген беттің нөмірін білдіреді.

11) Жалғасы келесі бетте


Бұл жазу түсіндірмелердің жалғасы келесі бетте берілген жағдайда қолданылады.

Негізгі функциялар

Құрылғының сипаттамасы

Алдыңғы панель

Бұл жерде негізгі құрылғының барлық басқару құралдары белгіленген және олардың функциялары сипатталған.



1) Дисплей

Барлық операцияларды дерлік дисплейде көрсетілетін сенсорлық түймелерді түрту арқылы жүргізуге болады.

→ «Сенсорлық дисплеймен қалай жұмыс істеу керек» (11-бет)

2) түймесі

Компакт-дискіні шығару үшін қолданылады (15-бет).

3) **RADIO** түймесі (25-бет)

Радиоқабылдағыштың алдыңғы экранын дисплейге шығарады.

Радиоқабылдағыш экранын көрсеткеннен кейін түймені басу радиосигнал көздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.

4) **MEDIA** түймесі (33-бет, 44-бет, 55-бет)

Алдыңғы дереккөздің ойнатылуын қайта жалғастырады.

Дереккөз экранын көрсеткеннен кейін түймені басу ойнату дереккөздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.

5) **SETTING** түймесі (65-бет)

Әртүрлі баптауларды таңдауға арналған.

6) **VOL/PUSH PWR** түймесі

Аудио ойнату және телефон функциялары үшін дыбыс деңгейін реттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл түйменің көмегімен аудиожүйені қосуға және өшіруге болады.
→ «Дыбыс деңгейін реттеу» (14-бет)

7) **Компакт-дискіге арналған ұяшық**

Осы ұяшық арқылы құрылғыға компакт-диск салынған кезде ойнату автоматты түрде басталады.
→ «Компакт-дискіні салу» (15-бет)

8) **CLOCK** түймесі

Сағатты баптау экранын дисплейге шығарады.

9) **SEEK TRACK** / **SEEK TRACK** түймесі

Радиостанцияны немесе жазбаны таңдау үшін қолданылады. Сондай-ақ көрсетілген түймелердің кез келгенін басып тұру компакт-дискінің тура немесе кері тәртіппен жылдамдатып ойнатылуын қамтамасыз етеді.

10) **HOME** түймесі

Дисплейге HOME экранын (Басты экран) шығарады.

Дыбыс көзін таңдау үшін қолданылады.
→ «Дыбыс көздерін ауыстырып қосу» (13-бет)

11) **TUNE** түймесі

Бұл түймені бұрау арқылы аудиофайлдары бар қалта немесе радиостанция таңдалады.

PUSH SOUND түймесі (65-бет)

Бұл түймені басу арқылы дисплейге дыбыс сапасының баптаулары шығарылады. Дыбыс сапасын реттеу үшін қолданылады.

Пайдаланудың басталуы

Құрылғыны қосу.

1 Қуат түймесінің көмегімен ACC не ON жұмыс режимін қосыңыз.



Сәлемдесу экраны көрсетілгеннен кейін біршама уақыт өткен кезде дисплейде соңғы рет қолданылған экран пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ


- Тікелей ACC не ON жұмыс режимін қосқаннан кейінгі сәтте деректердің оқылуы жүріп жатқандықтан кейбір функциялар біршама уақыт қолжетімсіз болып тұрады. Деректердің оқылуының аяқталуын күтіңіз.

Сенсорлық дисплеймен қалай жұмыс істеу керек

Бұл құрылғыда тікелей дисплейді түрту арқылы қолдануға болатын сенсорлық панель қолданылған.

— түрткен кезде

Бұл нұсқаулықта түрту арқылы орындауға болатын сенсорлық панельмен жасалатын операциялар көрсетілген.





Сондай-ақ дисплейде түрту арқылы орындалатын операциялар мәзірі «Дисплейдегі түйме» деп белгіленген.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Дисплейдің беті жеңіл сызылып қалады. Оны қатты баспаған немесе бетін қатты шүберекпен сүртпеген жөн.
- Егер дисплей ластанған болса, оны байыппен көзілдірік әйнектерін сүртуге арналған сүрткішпен немесе осыған ұқсас жұмсақ сүрткішпен сүртіңіз.

Тізім бойынша іздеу

Дисплейдегі  не  түймесін түрту арқылы экранның келесі немесе алдыңғы бетіне өтуіңізге болады.




Ізделіп жатқан тармақ дисплейде көрсетіліп тұрған кезде оны тікелей түртіңіз.

HOME экраны (Басты экран)

Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы аудиожүйенің алуан түрлі функцияларын қолдануға болады.


Экран элементтері

Бірінші бет



- 1) **FM** (25-бет)
Радиоқабылдағыштың FM диапазонын таңдауға мүмкіндік береді.
- 2) **MW** (25-бет)
Радиоқабылдағыштың MW диапазонын таңдауға мүмкіндік береді.
- 3) **LW** (25-бет)
Радиоқабылдағыштың LW диапазонын таңдауға мүмкіндік береді.
- 4) **Voice** *1 (17-бет)
Дауыспен басқару функциясын қолдануға мүмкіндік береді.
- 5) **Сағат**
24 сағаттық немесе 12 сағаттық форматта қазіргі уақытты көрсетеді.
- 6) **DAB** *2 (30-бет)
DAB цифрлық радиохабар тарату функциясын қолдануға мүмкіндік береді.

Екінші бет



- 7) **CD**
Ойнатуды бастайды.
Компакт-дискілер (33-бет)
Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC) (36-бет)
- 8) **USB/iPod** *3
Егер iPod аудиожүйемен қосылған болса, дисплейде **iPod** жазуы көрсетіледі, оны түрткен кезде iPod ақпараттық экраны ашылады (44-бет).
Егер аудиожүйеге USB құрылғысы жалғанған болса, дисплейде **USB** жазуы көрсетіледі, оны түрткен кезде USB ақпараттық экраны ашылады (49-бет).
Егер аудиожүйеге iPod не USB құрылғысы жалғанбаған болса, дисплейде **USB/iPod** белгісі көрсетіледі.

- 9) **>>**
Келесі бетке өту үшін қолданылады.
- 10) **<<**
Алдыңғы бетке өту үшін қолданылады.
- 11) **Audio** *4 (54-бет)
Егер жүйеге Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғы жалғанған болса, аудио ойнату мүмкіндігі бар.
- 12) **Setting** (65-бет)
Осы құрылғының әртүрлі баптауларын жүргізуге болатын баптаулар терезесін көрсетеді.
- 13) **AUX** *3, *5 (57-бет)
Егер бұл құрылғыға сыртқы дыбыс көзі жалғанған болса, аудио сыртқы дереккөзден ойнатылады.
- 14) **Phone** *6 (58-бет)
Телефон қоңырауларын жасауға және қабылдауға мүмкіндік береді.

*1 Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктерде қолданыла алады (қосымша жабдық).

*2 Қосымша жабдық. DAB тонерін жалғауды талап етеді.

*3 iPod және сыртқы жалғау кабелі қажет болады (бөлек сатып алынады).

*4 Бөлек сатып алынатын Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғының болуын талап етеді (қосымша жабдық) (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін).

*5 Қосымша жабдық. AUX ағытпасы арқылы сыртқы құрылғылардың жалғануын қолдайтын автокөліктерде үнемі көрсетіліп тұрады.


*6 Бөлек сатып алынатын Bluetooth функциясын қолдайтын мобильді телефон қажет (қосымша жабдық) (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін).

HOME экранына (Басты экранға) ауысу

HOME экраны (Басты экран) екі беттен тұрады. Төменде басқа бетті қалай көрсету қажеттігі түсіндіріледі.

1 Дисплейде >> түймесін басыңыз.

Басты экранның бірінші беті



Басты экранның екінші беті



Дисплейде келесі бет (басты экранның екінші беті) көрсетіледі.

2 Дисплейде << түймесін басыңыз.

Дисплейде алдыңғы бет (басты экранның бірінші беті) көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір жағдайларда аудиожүйенің функцияларына және жалғанған құрылғылардың бар-жоғына байланысты басты экранның тек бір ғана беті болады.

Дыбыс көздерін ауыстырып қосу

Басты экранда дыбыс көзін таңдауға болады.

ЕСКЕРТПЕ



- Бұл нұсқаулықта радиоқабылдағышты, компакт-дискілер ойнатқышын және т. с. с. қоса алғанда кез келген аудиофункция дыбыс көзі деп түсініледі.

1 HOME түймесін басыңыз.



Дисплейге HOME экраны (Басты экран) шығарылады.

2 Дисплейдегі кез келген дыбыс көзін түртіңіз.



Таңдалған дыбыс көзіне арналған ақпараттық экран көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер құрылғыда музыкалық компакт-диск немесе аудиофайлдары (MP3/WMA/AAC) бар компакт-диск жоқ болса, CD жазуы дисплейде сұр түспен көрсетіледі және функция таңдала алмайды.
- Аудиожүйеге жалғанбаған жабдық таңдала алмайды.
- Бас мәзірдің мазмұны аудиожүйенің моделіне және қосылып тұрған қосымша жабдыққа байланысты.

AV

Төменде аудиофункциялардың сипаттамасы келтірілген.

Аудиофункциялар

Негізгі функциялар

ЕСКЕРТПЕ

- Осы нұсқаулықта аудиофункцияларды және басқа да функцияларды түсіндіру үшін қолданылған суреттерде көрсетілген альбомдардың, композициялардың және т. б. атаулары мысал ретінде дайындалған. Олардың атаулар туралы нақты ақпаратпен ешқандай байланысы жоқ.


Құрылғыны қосу және өшіру

Бұл құрылғыны қосуға немесе өшіруге болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Сондай-ақ аудиожүйені рульдегі MODE түймесін басып ұстау арқылы қосуға және өшіруге болады.

1 **PUSH PWR** түймесін басыңыз.



Қосылған болса, бұл құрылғы өшеді.



2 **PUSH PWR** түймесін басыңыз.

Аудиожүйе өшіруге дейін қолданылған ойнату режимінде қосылады.

Дыбыс деңгейін реттеу

Аудиожүйенің дыбыс деңгейін реттеу.

1 Аудионы ойнату кезінде **VOL** реттегішін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.



Дыбыс деңгейі азаяды.

2 **VOL** реттегішін сағат тілі бағытында бұраңыз.

Дыбыс деңгейі ұлғаяды.

Компакт-дискіні салу және шығарып алу


Төменде бұл құрылғыға дискіні салу жолы түсіндіріледі.

⚠ **САҚТАНДЫРУ**

- Компакт-дискілерді ауыстырған кезде алдымен автокөлікті аялдауға рұқсат етілген қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
- Компакт-дискіге арналған ұяшыққа қолыңызды, саусақтарыңызды немесе басқа заттарды сұқпаңыз. Бұның салдары жарақатқа, түтіннің пайда болуына немесе өрттің шығуына әкелуі мүмкін.

Компакт-дискіні салу

- 1 Дискіні заттаңбасын жоғары қаратып компакт-дискіге арналған ұяшыққа салыңыз.**



Бұл құрылғы дискіні жүктеп әкеткенше компакт-дискіні жеңіл алға итеріңіз.




Ойнату басталады.

Компакт-дискіні шығару

- 1  түймесін басыңыз.**

Осы кезде диск жүйеден шығарылады, осыдан кейін дискіні шығарып алуға болады.

Рульдегі қашықтан басқару түймелерін қолдану



- 1) **«Дауыспен басқару» түймесі**^{*1}
Дауыспен басқаруды қосады.
- 2) **«Тұтқаны көтеру» түймесі**^{*1}
Телефон қоңырауын қабылдау үшін қолданылады.
- 3) **«Тұтқаны қою» түймесі**^{*1}
Телефон қоңырауын аяқтау үшін қолданылады.
- 4) **▲, ▼ түймелері / ▲, ▼ түймелері / түймесі**
Аудиожүйенің дыбыс деңгейін және телефон функцияларын реттеу.
- 5) **◀, ▶ түймелері**
Компакт-дискідегі және басқа дыбыс көзіндегі жазбаларды таңдау, сондай-ақ радиостанцияларды таңдау.
Тура және кері тәртіппен жылдамдатып ойнату үшін басып тұрыңыз.
- 6) **MODE түймесі / SOURCE түймесі / түймесі**
Аудиожүйені қосу/өшіру үшін басып тұрыңыз. Сондай-ақ осы түймені басып қалған кезде дыбыс көздері ауыстырып қосылады. Ауыстырып қосу тәртібі төменде көрсетілген. Егер қандай да бір құрылғы жалғанбаған болса, ол өткізіп жіберіледі де, келесі дыбыс көзі таңдалады.
[CD ойнатқышы] → [iPod^{*2} ойнатқышы] немесе [USB құрылғысы] → [Bluetooth^{*3} интерфейсі бар аудиоқұрылғы] → [AUX^{*4} сыртқы дереккөзі] → [Радиоқабылдағыштың FM диапазоны] → [Радиоқабылдағыштың MW диапазоны] → [Радиоқабылдағыштың LW диапазоны] → [DAB^{*5} цифрлық радиохабар тарату] → [CD ойнатқышы] → ____.
- 7) **CAMERA түймесі**^{*6}
Айнала шолу камералары жүйесінен берілген кескін шығарыла алады.
→ «Камера» (64-бет)

^{*1} Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктерде қолданыла алады (қосымша жабдық).

^{*2} iPod кабелі қажет (бөлек сатып алынады).

^{*3} Бөлек сатып алынатын Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғының болуын талап етеді (қосымша жабдық) (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін).

^{*4} Қосымша жабдық. Тек AUX аудиоікірісі бар құрылғыларға ғана арналған.

^{*5} Қосымша жабдық. DAB тнонерін жалғауды талап етеді.

^{*6} Қосымша жабдық.

Қосымша жабдық

(Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін)

Дауыспен басқару

Телефон және аудио функцияларын дауыстық командалардың көмегімен басқаруға болады.

1 Рульдегі «Дауыспен басқару» түймесін басыңыз. Дыбыс сигналынан кейін «Voice commands» («Дауыстық командалар») деп айтыңыз.

→ «Рульдегі қашықтан басқару түймелерін қолдану» (16-бет)

ЕСКЕРТПЕ

- Дауыспен басқаруды қосу үшін сондай-ақ басты экранда Voice түймесін түртуге болады.
- Дауыспен басқару функциялары автокөліктің пайдалану нұсқаулығында сипатталған (Bluetooth® 2.0 жүйесі).

ЕСКЕРТПЕ

Кейбір жағдайларда, сондай-ақ жеке сөйлеу мәнеріне байланысты дауыспен басқару функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Төмендегі кеңестер Сізге дауыспен басқару функциясын барынша дұрыс қолдануға көмектеседі:

- Дауыстап және анық сөйлеңіз. Бұл дауыстың танылуын жеңілдетеді.
- Командаларды айту кезінде «хм», «эм-м», «э-э», «а-а» және т. б. секілді одағайларды айтудан аулақ болыңыз. Мұндай дыбыстардың қолданылуы командалардың бұрыс анықталуына алып келуі мүмкін.
- Терезелерді жабыңыз. Сыртқы шу дауыстық командалардың анықталуын қиындатуы мүмкін.
- Дауыспен басқару функциясының көмегімен телефон нөмірін теріп жатқанда басқа адамдардың сөйлемей отыра тұруын өтініз. Басқа адамдардың дауыстары командаларды анықтау кезіндегі қателердің туындауына түрткі болуы мүмкін.
- Қателер дыбысталуы ұқсас сөздерді қолданған жағдайда жиі орын алады.
- Сыртқы шу деңгейі жоғары болған жағдайда командаларды анықтау кезінде қателер туындауы мүмкін.
Мысал: туннель ішімен жүргенде немесе орнатылған сырғытпайтын шынжырлармен қозғалған кезде.
- Кондиционерден немесе жылытқыштан шыққан ауаның күшті ағыны командалардың анықталуын қиындатуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Дауыстық командалар келесі жағдайларда қабылданбайды:
 - командалар тым баяу немесе тым тез айтылады;
 - командалар тым қатты немесе тым бәсең дауыспен айтылады;
 - команда айтылмады немесе анық емес айтылды;
 - команда жүйенің дыбыстық сигналына дейін айтылды.

Компакт-дискілермен жұмыс істеу ережелері

Бұл бөлімде компакт-дискілермен жұмыс істеу ережелері түсіндіріледі.

Компакт-дискілермен жұмыс істеу кезіндегі маңызды жайттар

- Дискінің бетіндегі саусақ іздері немесе басқа да кір дискінің оқылу қателігіне алып келуі мүмкін. Дискінің жұмыс бетінен ұстамаңыз. Дискіні жиектерінен немесе ортаңғы саңылауы мен жиегінен ұстаңыз.
- Дискіге қағаз немесе жапсырмалар жабыстырмаңыз. Бұл дискіні зақымдауы мүмкін.
- Құрылғыға диск салынып тұрған болса, компакт-дискіні күшпен итеріп салуға әрекеттенбеңіз. Бұл компакт-дискінің зақымдануына немесе құрылғының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Тазалау

- Дискінің бетін жүйелі түрде тазалап отырыңыз. Тазалау кезінде айналдыру қимылдарын жасамауға тырысыңыз. Дискінің бетін ортасынан сыртқы жиегіне қарай абайлап сүртіңіз.
- Жаңа дискілердің сыртқы жиектері мен ортаңғы саңылауының жиектерінде қылаулар болуы мүмкін. Қылаулардың болмауына көз жеткізіңіз. Қылаулар болған жағдайда, оларды алып тастау қажет, себебі олар құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне алып келуі мүмкін.

Компакт-дискілерді сақтау кезіндегі маңызды жайттар

- Қолданылмайтын кезде компакт-дискілер қораптарда сақталуы және тікелей түсетін күн сәулелерінен қорғалған болуы тиіс.
- Егер диск ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, оны аудиожүйеден шығарып алыңыз.

Компакт-дискіні ойнату жүзеге асырылатын жағдайлар

Егер суық ауа райында, мысалы, қыста автокөлік салонындағы ауа температурасы төмен болған жағдайда жылытқышты қоссаңыз және аудиожүйеге компакт-дискіні сұқсаңыз, дискінің және жүйенің ішкі оптикалық элементтерінің жұмыс бетінде конденсат (су тамшылары) түзілуі мүмкін. Бұл жүйе жұмысындағы қателіктерге алып келуі мүмкін.


Мұндай жағдайларда компакт-дискіні жүйеден шығарып алыңыз және біраз уақыт күте тұрыңыз.

Авторлық құқықтарды қорғау

Дискілерді жеке қолдану шеңберінен шығатын рұқсатсыз дискілерді көшіру, хабар тарату және көпшілік алдындағы көрсетілімдер үшін қолдану, дискілерді жалға беру және т. с. с. іс-әрекеттерге заңмен тыйым салынады.

Жүйеде істейтін компакт-дискілердің түрлері

Дискілердің заттаңбасына, қорабына немесе қаптамасына келесі таңбалау түрлері басылады:


| Түрі | Өлшемі | Жазбаның максималды ұзақтығы | Комментарийлер |
|---|--------|------------------------------|---|
| CD-DA  | 12 см | 74 мин | — |
| CD-TEXT  | 12 см | 74 мин | — |
| CD-R/RW  | 12 см | — | • MP3/WMA/AAC форматындағы файлдары бар диск. |

Ойнатылмауы мүмкін дискілер

- «Жүйеде істейтін компакт-дискілердің түрлері» бөлімінде көрсетілгеннен өзгеше дискілердің ойнатылу мүмкіндігіне кепілдік берілмейді.
- Өлшемі 8 см дискілерді қолдануға тыйым салынады
- Ақауларға жол бермеу үшін пішіні стандартты емес, мысалы, жүрек түріндегі дискілерді қолдануға тыйым салынады. Сонымен бірге мөлдір аймақтары бар дискілер ойнатылмауы мүмкін.
- Жазу сессиясы аяқталмаған компакт-дискілер ойнатылмайды.
- Тіпті компакт-диск жазғыш құрылғының немесе компьютердің көмегімен бағдарламалық құралдың дұрыс баптаулары мен параметрлері қолданыла отырып дұрыс форматта жазылған болса да, нақты компакт-дискінің ерекшеліктеріне байланысты, дискінің бетінде зақымданған жерлерінің, белгілерінің, ластану іздерінің немесе аудиожүйенің ішіндегі линзада конденсаттың болуына байланысты компакт-диск ойнатылмауы мүмкін.
- Компакт-дискіге байланысты кейбір функциялар немесе дискінің оқылуы қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Жарықтары бар немесе деформацияланған компакт-дискілерді қолданбаңыз.
- Бетінде жапсырмалары, жапсырмалардың немесе желімнің қалдықтары болса, компакт-дискінің қолданбаңыз.
- Сәндік заттаңбалары немесе жапсырмалары бар компакт-дискілерді қолдануға кеңес берілмейді.

Стандартты емес компакт-дискілер

Бұл құрылғы музыкалық компакт-дискілерді ойната алады, алайда компакт-дискілердің стандарттарына қатысты келесі ұсыныстарды ескерген жөн:

- Бетінде  таңбаламасы бар компакт-дискінің қолданып отырғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Стандартты емес дискілердің ойнатылуына кепілдік берілмейді. Тіпті ойнатылса да, дыбысының жоғары сапасына кепілдік берілмейді.
- Стандартты емес компакт-дискілерді қолданған кезде келесідей жағдайлар туындауы мүмкін:
 - ойнату кезіндегі шу;
 - біркелкі емес ойнату;
 - дискіні анықтау мүмкін емес;
 - бірінші жазбаны ойнату мүмкін емес;
 - әдеттегі компакт-дискілермен салыстырғанда ойнатудың басталуына дейін көбірек уақыттың қажет болуы;
 - ойнату жазбаның басынан басталмайды;
 - ойнату кезінде кейбір фрагменттерді өткізіп жіберу;
 - жазбаны ойнатуды тоқтату;
 - жазбалардың дұрыс көрсетілмеуі.

Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)

Бұл аудиожүйе CD-ROM, CD-R/RW дискілеріне немесе USB құрылғысының жадына жазылған MP3/WMA/AAC форматындағы файлдарды ойната алады.

Файлдар мен тасушыларды қолдану бойынша шектеулер бар, сондықтан MP3/WMA/AAC аудиофайлдарын дискілерге немесе USB құрылғыларына жазбас бұрын келесі ақпаратпен танысып алу қажет. Сондай-ақ барлық операцияларды дұрыс орындау үшін CD-R/RW жетегін және жазу үшін қолданылатын бағдарламалық құралды пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз. Егер MP3/WMA/AAC/WAV аудиофайлдарының тақырыбы туралы ақпараты және басқа да деректері бар болса, бұл деректер дисплейде көрсетіледі.

САҚТАНДЫРУ

- Музыкалық дискілерді немесе файлдарды көшіру, оларды тегін немесе ақылы түрде тарату, Интернет арқылы немесе басқа да тәсілдермен серверлерге жүктеу секілді іс-әрекеттер заңсыз болып табылады.
- .mp3, .wma не .m4a кеңейтілімдерін тек MP3/WMA/AAC форматының файлдарына ғана тағайындаңыз. Дұрыс емес формат көрсетілген файлдар жазылған дискілерді ойнату тым жоғары дыбыс деңгейімен жүргізілуі мүмкін, бұл динамиктердің зақымдалуына немесе апатқа алып келеді.

ЕСКЕРТПЕ


- Жазғыш құрылғының немесе бағдарламалық құралдың күйіне байланысты ойнату дұрыс орындалмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда өз жабдығыңыздың немесе бағдарламалық құралдың пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз.
- Қолданылатын операциялық жүйеге, оның нұсқасына, бағдарламалық құралға немесе баптауларға байланысты файлдарға кеңейтілімдер тағайындалмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда файлдарды көшіру кезінде файлдарға .mp3, .wma не .m4a кеңейтілімін тағайындау қажет.
- Ойнатылатын файлдың көлемі 2 GB шамасынан аспауы тиіс.
- Бұл құрылғы бір мезгілде MP3, WMA және AAC әртүрлі форматтарындағы файлдары бар дискілерді ойната алады.

Қалталар құрылымы

Жүйе сегізге дейінгі деңгейі бар қалталар құрылымын анықтауға қабілетті.

Жазбаларды басқару үшін келесідей түрде қалталар құрылымын жасауға болады:

Жанр – Орындаушы – Альбом – Жазба (MP3/WMA/AAC форматының файлдары).



| Атауы | Сипаттамасы | Толық мәлімет | |
|---|---|---------------|---|
| Форматтың сипаттамалары | ISO 9660 | 1-деңгей | Файл атауының максималды ұзындығы – 8 таңба, файлдың кеңейтілімі – 3 таңба (бір байттық әріптік-сандық таңбалар, бас әріптер, сандар; «_» таңбасын қолдануға жол беріледі). |
| | ISO 9660 кеңейтілген | Joliet | Ұзындығы 64 таңбаға дейінгі файл атауларын қолдануға жол беріледі. |
| Кепессиялық дискілер | Істемейді (тек бірінші сессия ғана істейді). | | |
| Деңгейлердің максималды саны | 8 деңгей (түпкі каталог 1-ші деңгей болып табылады) | | |
| Қалталардың максималды саны | Диск: 100 қалта; USB құрылғысы: түпкі каталогті қосқанда 300 қалта | | |
| Файлдардың максималды саны ^{*1} | Диск: 255 файл; USB құрылғысы: 3000 файл (тасушыдағы файлдардың жалпы саны; MP3, WMA және AAC форматтарынан өзгеше файлдар есепке алынбайды). | | |
| Файл атауының және қалта атауының шектеулері | 64 байттан көп емес (64 таңба). Атауларының ұзындығы осы мәннен асатын файлдар мен қалталар жүйеде көрсетілмейді және ойнатылмайды. | | |
| Жүйеде істейтін USB форматтары | Ұсынылатын файл жүйесі – FAT32. Тек 1 бөлім. | | |

^{*1} MP3/WMA/AAC форматынан басқа файлдар есепке алынбайды. Әйтсе де көп жазбаларды бір қалтада сақтаған жағдайда тіпті олардың таңбаларының саны максималды жол берілетін мәннен аспайтын болса да, кейбір жазбалар құрылғы арқылы анықталмайды. Мұндай жағдайларда жазбаларды бірнеше қалтаға бөлуге кеңес беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл жүйедегі қалталар мен файлдардың көрсетілу тәртібі компьютер экранындағы көрсетілу тәртібінен өзгеше болуы мүмкін.

MP3 форматы дегеніміз не?

MP3 — MPEG-1 Audio Layer 3 тіркесінен қысқартылған сөз. MPEG — бейнедискілерге және т. б. қолданылатын Motion Picture Experts Group бейнеақпаратты сығымдау стандартының қысқартылған атауы. MP3 MPEG стандартымен регламенттелетін аудиодеректерді сығымдау әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсіл адамның құлағының қабылдау шегінен тыс немесе күшті дыбыстармен жасырылған дыбыстық жиіліктердің сапасын азайтады. Осының есебінен шағын көлеммен деректердің жоғары сапасы қамтамасыз етіледі. Бұл дыбыс сапасының байқалатын нашарлауынсыз музыкалық дискідегі жазбалардың көлемін шамамен 10 есеге сығымдауға мүмкіндік береді, яғни бір CD-R/RW дискісіне шамамен 10 музыкалық диск жазуға болады.

▲ САҚТАҢДЫРУ

- Стандарттан өзгеше MP3-файлдар дұрыс ойнатылмауға немесе файлдардың/қалталардың атауларының дұрыс көрсетілмеуіне түрткі болуы мүмкін.

Істейтін MP3-файлдар стандарттары

Төменде істейтін MP3-файлдардың сипаттамалары берілген.

* Bluetooth® 2.0 жүйесі (қосымша жабдық) бар автокөліктер үшін автокөліктің пайдалану нұсқаулығын қараңыз (Bluetooth® 2.0 жүйесі).

| Атауы | Толық мәлімет | |
|--|---------------|---|
| Сипаттамасы | КОМПАКТ-ДИСК | MPEG-1 AUDIO LAYER2/3 |
| | | MPEG-2 AUDIO LAYER2/3 |
| | | MPEG-2.5 AUDIO LAYER3 |
| | USB | MPEG-1 AUDIO LAYER3 |
| | | MPEG-2 AUDIO LAYER3 |
| Дискретизация жиілігі, кГц | КОМПАКТ-ДИСК | MPEG-1: 32/44,1/48 |
| | | MPEG-2: 16/22,05/24 |
| | | MPEG-2.5: 8/11,025/12 |
| | USB | MPEG-1: 32/44,1/48 |
| | | MPEG-2: 16/22,05/24 |
| Битрейт, Кбит/с | КОМПАКТ-ДИСК | MPEG-1: 32–384 |
| | | MPEG-2/2.5: 8–160 |
| | USB | MPEG-1: 32–320 |
| | | MPEG-2: 32–160 |
| VBR (ауыспалы битрейт) | | Істейді |
| Арналар режимі | | Сtereo/біріктірілген stereo/қосарлы арна/монофониялық |
| Файл кеңейтілімі | | mp3 |
| Тегтер туралы істейтін ақпарат | | ID3 тегтері: 1.0 нұсқасы, 1.1 нұсқасы, 2.2 нұсқасы, 2.3 нұсқасы, 2.4 нұсқасы Атауы, орындаушының аты-жөні, альбомның атауы, жанр ^{*1} |
| Дереккөз алаңында көрсетілетін таңбалардың максималды саны | | Файлдардың атаулары: 18 белгі Қалталардың атаулары: 41 белгі |

^{*1} Компакт-дискілерді тыңдау режимінде істемейді.

WMA форматы дегеніміз не?

WMA — бұл Microsoft компаниясында әзірленген Windows Media Audio аудиодеректерді сығымдау форматының қысқарған атауы. Бұл формат MP3 форматымен салыстырғанда күштірек сығымдауды қамтамасыз етеді.

* Microsoft, Windows Media және Windows — Microsoft Corporation компаниясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген сауда маркалары.

⚠ САҚТАҢДЫРУ

- WMA форматы цифрлық құқықтарды басқаруды (DRM) қолдайды. Егер осы технологиямен қорғалған болса, бұл құрылғы WMA файлдарын ойната алмайды.
- Стандарттан өзгеше WMA-файлдар дұрыс ойнатылмауға немесе файлдардың/қалталардың атауларының дұрыс көрсетілмеуіне түрткі болуы мүмкін.
- Pro, Lossless және Voice стандарттары істемейді.

Істейтін WMA-файлдар стандарттары

Төменде істейтін WMA-файлдардың сипаттамалары берілген.

* Bluetooth® 2.0 жүйесі (қосымша жабдық) бар автокөліктер үшін автокөліктің пайдалану нұсқаулығын қараңыз (Bluetooth® 2.0 жүйесі).

| Атауы | Толық мәлімет | |
|--|--|--|
| Сипаттамасы | КОМПАКТ-ДИСК | Windows Media Audio Version 9.0 Standard |
| | USB | Windows Media Audio Version 7.0/8.0/9.0 |
| Дискретизация жиілігі, кГц | КОМПАКТ-ДИСК | 32/44,1/48 |
| | USB | 16/22,05/32/44,1/48 |
| Битрейт, Кбит/с | КОМПАКТ-ДИСК | 32–320 |
| | USB | 16–320 |
| VBR (ауыспалы битрейт) | Істейді | |
| Арналар режимі | Стерео/монофониялық | |
| Файл кеңейтілімі | wma | |
| Тегтер туралы істейтін ақпарат | WMA тегтері Атауы, орындаушының аты-жөні, альбомның атауы, жанр ^{*1} | |
| Дереккөз алаңында көрсетілетін таңбалардың максималды саны | Файлдардың атаулары: 18 белгі Қалталардың атаулары: 41 белгі | |

^{*1} Компакт-дискілерді тыңдау режимінде істемейді.

ААС форматы дегеніміз не?

ААС — бұл MPEG-2 және MPEG-4 форматтарында қолданылатын Advanced Audio Coding сығымдау стандартының қысқарған атауы. Бұл формат MP3 форматымен салыстырғанда 1,4 есеге көбірек сығымдау дәрежесіне ие және онымен пар-пар сапаны қамтамасыз етеді.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- ААС форматы цифрлық құқықтарды басқаруды (DRM) қолдайды. Егер осы технологиямен қорғалған болса, бұл құрылғы ААС файлдарын ойната алмайды.
- Стандарттан өзгеше ААС-файлдар дұрыс ойнатылмауға немесе файлдардың/қалталардың атауларының дұрыс көрсетілмеуіне түрткі болуы мүмкін.

Істейтін ААС-файлдар стандарттары

Төменде істейтін ААС-файлдардың сипаттамалары берілген.

* Bluetooth® 2.0 жүйесі (қосымша жабдық) бар автокөліктер үшін автокөліктің пайдалану нұсқаулығын қараңыз (Bluetooth® 2.0 жүйесі).

| Атауы | Толық мәлімет | |
|--|--|---|
| Сипаттамасы | КОМПАКТ-ДИСК | MPEG-4/AAC-LC |
| | USB | Advanced Audio Coding MPEG4/AAC-LC MPEG2/AAC-LC |
| Дискретизация жиілігі, кГц | КОМПАКТ-ДИСК | 11,025/16/22,05/24/32/44,1/48 |
| | USB | 8/11,025/12/16/22,05/24/32/44,1/48 |
| Битрейт, Кбит/с | КОМПАКТ-ДИСК | 16–320 |
| | USB | 16–576 |
| VBR (ауыспалы битрейт) | Істейді | |
| Арналар режимі | Стерео/монофониялық | |
| Файл кеңейтілімі | m4a | |
| Тегтер туралы істейтін ақпарат | ААС немесе ID3 тегтері Атауы, орындаушының аты-жөні, альбомның атауы, жанр *1 | |
| Дереккөз алаңында көрсетілетін таңбалардың максималды саны | Файлдардың атаулары: 18 белгі Қалталардың атаулары: 41 белгі | |

*1 Компакт-дискілерді тыңдау режимінде істемейді.

Радио тыңдау

Бұл бөлімде FM, MW және LW диапазондарында радиостанцияларды қалай тыңдау қажет екені түсіндіріледі.


1 **RADIO** түймесін басыңыз.

Радиоқабылдағыш экраны ашылады. Дереккөз түймені әрбір басқан кезде өзгереді.



Дисплейге FM, MW немесе LW диапазонының ақпараттық экранын шығарады.

2 Станцияны таңдау үшін **TUNE** реттегішін бұраңыз.




Таңдалған жиілікте орналасқан радиостанцияны тыңдау басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы радиоқабылдағышты таңдауға болады.

FM радиоқабылдағышының ақпараттық экраны



1) **Дереккөз алаңы**

Таңдалған дыбыс көзінің атауын, таңдалған арнаның нөмірі мен жиілігін көрсетеді.

2) **Радиостанциялар жадының түймесі**

Жадқа қажетті радиостанцияларды енгізуге мүмкіндік береді. Қажетті станция нөмірі бар түймені дыбыс сигналы берілгенге дейін басып тұрыңыз. Бұл ретте қазіргі сәтте қабылданып тұрған радиостанция сақталады.
→ «Радиостанцияларды жадқа енгізу» (27-бет)

3) **Menu**

Басқан кезде қосалқы мәзірі шақырылады. Дыбыс баптауларын жүргізуге болады (65-бет).

4) **Setting**

Радиостанцияның автоматты баптауларының, бағдарлама атауының көрсетілуінің және жол қозғалысы туралы хабарламалар беретін станцияға ауыстырып қосудың параметрлерінің өзгерісін, сондай-ақ РТУ (бағдарлама типі) сүзгісіне арналған тілдің өзгерісін көрсетеді (71-бет).

5) **PTY**

РТУ (бағдарлама типі) көрсетеді.

6) **Info**

Ақпараттық экранға ауысуды қамтамасыз етеді.

7) **Station List**

Сенімді сигналы бар радиостанциялар тізімін көрсетеді.
→ «Тізімнен радиостанцияларды іздеу» (28-бет)

8) **FM1, FM2**

Бұл түймелер әрбір диапазон үшін жадқа алты радиостанция енгізуге мүмкіндік береді.

9) **Radio Text**

Радиомәтінді көрсетеді.

10) **Presets**

Ағымдағы экранға ауысуды қамтамасыз етеді.

MW/LW радиоқабылдағышының ақпараттық экраны



- 1) **Дереккөз алаңы**
Таңдалған дыбыс көзінің атауын, таңдалған арнаның нөмірі мен жиілігін көрсетеді.
- 2) **Радиостанциялар жадының түймесі**
Жадқа қажетті радиостанцияларды енгізуге мүмкіндік береді. Қажетті станция нөмірі бар түймені дыбыс сигналы берілгенге дейін басып тұрыңыз. Бұл ретте қазіргі сәтте қабылданып тұрған радиостанция сақталады.
→ «Радиостанцияларды жадқа енгізу» (27-бет)
- 3) **Menu**
Басқан кезде қосалқы мәзірі шақырылады. Дыбыс баптауларын жүргізуге болады (65-бет).
- 4) **Station List**
Сенімді сигналы бар радиостанциялар тізімін көрсетеді.
→ «Тізімнен радиостанцияларды іздеу» (28-бет)

Радиостанцияларды жадқа енгізу

Диапазондардың (FM1, FM2, MW және LW) әрқайсысы үшін жадқа алты радиостанция енгізуге болады.

- 1) **Радиоқабылдағыштың ақпараттық экранында жадқа енгізілуі керек радиостанцияны іздеуге арналған TUNE реттегішін бұраңыз.**
- 2) **Радиостанция нөмірі бар түймені дыбыс сигналы берілгенге дейін басып тұрыңыз.**



Бұл ретте таңдалған радиостанция жадқа басылған нөмірмен енгізіледі.

Сигналы ең тұрақты радиостанцияны іздеу

Егер автокөліктің қозғалу бағдары әртүрлі аймақтармен өтетін болса, мысалы, алыс сапар кезінде бұл функция радиостанцияларды тез табуға мүмкіндік береді.

Іздеуді бастау

Бір рет іздеу әрекетімен бір радиостанцияны іздеуге болады.

- 1 Радиоқабылдағыштың ақпараттық экранында**
◀◀ SEEK TRACK
немесе **SEEK TRACK ▶▶** түймесін басыңыз.



Тұрақты сигналы бар станция табылған жағдайда ол қабылдана бастайды.

Тізімнен радиостанцияларды іздеу

Радиостанцияны қолжетімді радиостанциялар тізімінен таңдауыңызға болады.

- 1 Радиостанцияның ақпараттық экранында дисплейде**
Station List түймесін түртіңіз.
Радиостанциялар тізімі ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- FM диапазоны үшін қолданыстағы радиотюнер қолдайтын радиостанциялардың тізімі көрсетіледі.
- MW немесе LW диапазондары үшін ашылар алдында тізім автоматты түрде жаңартылады.

- 2 Тізімнен қажетті радиостанцияны таңдаңыз және оны басыңыз.**



Таңдалған радиостанцияның сигналын қабылдау басталады.

- 3 Дисплейде** **Back** түймесін басыңыз.

Радиоқабылдағыштың ақпараттық экранына қайтып оралу орындалады.

Іздеуге арналған радиостанциялар тізімін азайту

Жанрлары бойынша сүзіп шығып, радиостанциялар тізімін қысқартуға болады.

1 Радиостанциялар тізімінде дисплейде **PTY Filter** түймесін түртіңіз.

Жанрлар тізімі ашылады.

2 Қажетті жанрды басыңыз.



Таңдалған жанрға сәйкес келетін радиостанциялар тізімі ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Радиостанциялар тізімінде Filter OFF түймесін басу жанрлар бойынша сұрыптаудың күшін жояды.

Радиостанциялар тізімін жаңарту

Радиостанциялар тізімін қолмен жаңартуға болады.

1 Радиостанциялар тізімінде дисплейде **Update** түймесін түртіңіз.

Жаңарту басталады.

Жаңартылған радиостанциялар тізімі ашылады.


DAВ цифрлық радиохабарларын ойнату

Бұл бөлімде DAB цифрлық радиохабар тарату форматында радиостанцияның қалай ойнатылатыны сипатталады.

1 HOME түймесін басыңыз.

Дисплейге HOME экраны (басты экран) шығарылады.

2 Дисплейде DAB түймесін басыңыз.




DAВ ақпараттық экраны ашылады.

3 Станцияны таңдау үшін TUNE реттегішін бұраңыз.



Таңдалған радиостанция ойнатылады.

DAВ цифрлық радиохабар таратылымының ақпараттық экраны



1) Дереккөз алаңы

Бұл алаңда радиохабар тарату көзінің атауы, радиостанцияның жад ұяшығының нөмірі және қабылданып отырған радиостанция мен қолжетімді сервистердің атауы көрсетіледі.

2) DAB1, DAB2, DAB3

Бұл түймелер әрбір диапазон үшін жадқа алты радиостанция енгізуге мүмкіндік береді.

3) Радиостанциялар жадының түймесі

Жадқа қажетті радиостанцияларды енгізуге мүмкіндік береді. Қажетті станция нөмірі бар түймені дыбыс сигналы берілгенге дейін басып тұрыңыз. Бұл ретте қазіргі сәтте қабылданып тұрған радиостанция сақталады. → «Радиостанцияларды жадқа енгізу» (31-бет)

4) Menu

Басқан кезде қосалқы мәзірі шақырылады. Дыбыс баптауларын жүргізуге болады (65-бет).

5) Setting

DAB Setting (DAB баптауы) экранын ашу. → «DAB баптауы» (72-бет)

6) DAB link индикаторы

DAB link функциясының жұмысы кезінде көрсетіледі. Қабылдау сезімталдығы төмен болған жағдайда бұл функция мазмұны дәл осында басқа таратқышқа ауыстырып қосуды жүзеге асырады.

7) DAB link пиктограммасы

DAB link функциясының жұмысы кезінде көрсетіледі.

8) Info

Динамикалық затбелгінің алынған ақпаратын көрсетеді. Егер мұндай мәтін жоқ болса, NO TEXT жазуы көрсетіледі.

9) Station List

Сенімді сигналы бар радиостанциялар тізімін көрсетеді. → «Тізімнен радиостанцияларды іздеу» (31-бет)

Радиостанцияларды іздеу

Бір рет іздеу әрекетімен бір радиостанцияны іздеуге болады.

- 1 DAB ақпараттық экранында **SEEK TRACK** немесе **SEEK TRACK** түймесін басыңыз.



Мүмкін болған сервистердің тізбесінен бірінші хабар тарату арнасын қабылдау және ойнату басталады.

- 2 Станцияны таңдау үшін **TUNE** реттегішін бұраңыз.

Таңдалған радиостанция ойнатылады.

ЕСКЕРТПЕ


- Бірінші немесе соңғы хабар тарату арнасына ауысу орын алады; арналар ішінде келесі сервиске ауысу жүзеге асады.

Радиостанцияларды жадқа енгізу

DAB1, DAB2 және DAB3 әрбір диапазонында алты радиостанцияға дейін тіркеуіңізге болады.

- 1 DAB ақпараттық экранында жадқа енгізілуі керек радиостанцияны іздеуге арналған **TUNE** реттегішін бұраңыз.

- 2 Радиостанция нөмірі бар түймені дыбыс сигналы берілгенге дейін басып тұрыңыз.



Бұл ретте таңдалған радиостанция жадқа басылған нөмірмен енгізіледі.

Тізімнен радиостанцияларды іздеу

Радиостанцияны қолжетімді радиостанциялар тізімінен таңдауыңызға болады.

- 1 DAB ақпараттық экранында дисплейде **Station List** түймесін түртіңіз.

Радиостанциялар тізімі ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Көрсетілер алдында радиостанциялар тізімі автоматты түрде жаңартылады.

- 2 Тізімнен қажетті радиостанцияны таңдаңыз және оны басыңыз.



Таңдалған радиостанцияның сигналын қабылдау басталады.

- 3 Дисплейде **Back** түймесін басыңыз.

DAB ақпараттық экранына қайтып оралу орындалады.

Іздеуге арналған радиостанциялар тізімін азайту

Жанрлары бойынша сүзіп шығып, радиостанциялар тізімін қысқартуға болады.

1 Радиостанциялар тізімінде дисплейде **PTY Filter** түймесін түртіңіз.

Жанрлар тізімі ашылады.

2 Қажетті жанрды басыңыз.



Таңдалған жанрға сәйкес келетін радиостанциялар тізімі ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Радиостанциялар тізімінде Filter OFF түймесін басу жанрлар бойынша сұрыптаудың күшін жояды.

Радиостанциялар тізімін жаңарту

Радиостанциялар тізімін қолмен жаңартуға болады.

1 Радиостанциялар тізімінде дисплейде **Update** түймесін түртіңіз.

Жаңарту басталады.

Жаңартылған радиостанциялар тізімі ашылады.

КОМПАКТ-ДИСКІЛЕР

Компакт-дискілерді ойнату

Бұл бөлімде компакт-дискілерді (CD-DA/CD-TEXT) ойнату туралы ақпарат келтірілген.

Ойнатуды автоматты түрде іске қосу үшін компакт-дискіні салыңыз.

→ «Компакт-дискіні салу» (15-бет)

ЕСКЕРТПЕ

- Төменде сипатталған әрекеттер аудиожүйеде музыкалық компакт-диск болған жағдайда орындалады.

1 MEDIA түймесін басыңыз.

Алдыңғы дереккөздің ойнатылуы қайта жалғастырылады.
Дереккөз экранын көрсеткеннен кейін түймені басу ойнату дереккөздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.

▼
Компакт-дискінің ақпараттық экраны ашылады.

2 Жазбаны таңдау үшін

◀ SEEK TRACK не **SEEK TRACK ▶** түймесін басыңыз.

▼
Таңдалған жазбаны ойнату басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Ағымдағы жазбаны тура/кері тәртіппен жылдамдатып ойнату үшін **◀◀ SEEK TRACK** не **SEEK TRACK ▶▶** түймесін басып тұрыңыз.
- Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы ойнату көзін таңдауға болады.

Ойнату тізімін көру

Ойнату тізімін толық қарап көруге болады.

1 Компакт-дискінің ақпараттық экранында **Track List** түймесін басыңыз.



Ойнату тізімі ашылады.

2 Дисплейде **Back** түймесін басыңыз.

▼
Компакт-диск ақпараттық экранына қайтып оралу орындалады.

Ақпараттық экран



1) Дереккөз алаңы

Таңдалған дыбыс көзінің атауын, ойнатылып жатқан жазбаның нөмірін, жазбаның уақытын, ойнату режимін және т. б. көрсетеді.

2) Композицияның атауы

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда композицияның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

3) Орындаушының аты

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда орындаушының аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO NAME жазуы көрсетіледі.

4) Альбомның атауы

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда альбомның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

5) **Menu** (35-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

6) **Track List**

Ойнату тізімін көрсету.
→ «Ойнату тізімін көру» (33-бет)

7) **Жазба нөмірі**8) **Ойнату режимінің алаңы**

Ағымдағы ойнату режимін көрсетеді.
→ «Ойнату режимін өзгерту» (35-бет)


REPEAT : қайталап ойнату

SCAN : сканерлеу режимінде ойнату

RANDOM : жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату

9) **Жазбаның ұзақтығы**

Тізімдер

1) **Жазба нөмірі**2) **Жазбаның атауы**

Ағымдағы жазбаның атауын көрсетеді. Егер жазбаның атауы жоқ болса, «Track (жазба нөмірі)» көрсетіледі.

3) **Айналдыру түймесі**

Беттер арасында ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді.

4) **Menu** (35-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

5) **Back**

Компакт-диск ақпараттық экранына қайтып оралу.

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін немесе сканерлеу режимінде ойнату режимін таңдауға болады.


1 Компакт-дискінің ақпараттық экранында **Menu** түймесін басыңыз.

Қосалқы мәзір ашылады.

2 Дисплейді түрту арқылы қажетті режимді таңдаңыз.



3 Дисплейде **Close** түймесін басыңыз.



Таңдалған режимде ойнату басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Ағымдағы ойнату режимінің күшін жою үшін 2-тармақта таңдалған ойнату режимін қайталап басыңыз.

Қосалқы мәзір

| | |
|------------------------------------|--|
| Repeat | Ағымдағы жазбаны қайталап ойнату. |
| Scan | Компакт-дискідегі әрбір жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату. |
| Random | Дискідегі жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату. |
| Sound Control | Дыбыс сапасын баптау. → «Дыбыс сапасының баптауы» (65-бет) |
| Current Track ^{*1} | Ағымдағы жазбаны ойнату тізімінің басына жылжыту. |

^{*1} Бұл тармақтар тек ойнату тізімімен бірге көрсетілетін қосалқы мәзірде ғана бар.

Компакт-дискіден аудиофайлдарды ойнату

Бұл бөлімде компакт-дискідегі аудиофайлдар қалай ойнатылатыны түсіндіріледі.

Дискіні аудиожүйеге салыңыз, ойнату автоматты түрде басталады.

→ «Компакт-дискіні салу» (15-бет)

ЕСКЕРТПЕ

- Төменде сипатталған әрекеттер бұл құрылғыда аудиофайлдары бар компакт-диск болған жағдайда орындалады.


1 MEDIA түймесін басыңыз.

Алдыңғы дереккөздің ойнатылуы қайта жалғастырылады.

Дереккөз экранын көрсеткеннен кейін түймені басу ойнату дереккөздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.

Аудиофайлдар ақпараттық экраны ашылады.

2 Қалтаны таңдау үшін TUNE реттегішін бұраңыз.



3 Жазбаны таңдау үшін <<< SEEK TRACK не SEEK TRACK >>> түймесін басыңыз.

Таңдалған жазбаны ойнату басталады.


ЕСКЕРТПЕ

- Ағымдағы жазбаны тура/кері тәртіппен жылдамдатып ойнату үшін <<< SEEK TRACK не SEEK TRACK >>> түймесін басып тұрыңыз.
- Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы дереккөзді таңдауға болады.

Ойнату тізімін көру

Ойнату тізімін көру көзінде жазбаны іздеу барысында сондай-ақ тіркелген қалталарды да тексеруге болады.

1 Аудиофайлдардың ақпараттық экранында Folder List түймесін, содан кейін дисплейде ROOT түймесін басыңыз.



Қалталар тізімі ашылады.

2 Қажетті қалтаны таңдаңыз да, Track List түймесін басыңыз.





Ойнату тізімі ашылады.


3 Дисплейде Playback Info түймесін басыңыз.

Аудиофайлдар ақпараттық экранына қайтып оралу орындалады.

ЕСКЕРТПЕ

- Дисплейдегі  не  түймесін түрту арқылы экранның келесі немесе алдыңғы бетіне өтуіңізге болады.

Ақпараттық экран



1) **Дереккөз алаңы**

Таңдалған дыбыс көзінің атауын, ойнатылып жатқан жазбаның нөмірін, жазбаның уақытын, ойнату режимін және т. б. көрсетеді.

2) **Композицияның атауы**

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда композицияның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

3) **Орындаушының аты**

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда орындаушының аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO NAME жазуы көрсетіледі.

4) **Альбомның атауы**

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда альбомның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

5) **Menu** (39-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

6) **Folder List**

Қалталар тізімін көрсету.
→ «Тізімдер» (38-бет)

7) **Жазба нөмірі**

8) **Ойнату режимінің алаңы**

Ағымдағы ойнату режимін көрсетеді.
→ «Ойнату режимін өзгерту» (39-бет)

- REPEAT** : қайталап ойнату
- FOLDER REPEAT** : қалтаны қайталап ойнату
- SCAN** : сканерлеу режимінде ойнату
- FOLDER SCAN** : қалтаны сканерлеу режимінде ойнату
- RANDOM** : жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату
- ALL RANDOM** : барлық қалталардағы барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату


9) **Файл форматы**

Ойнатылатын аудиофайлдың форматын көрсету.

10) **Жазбаның ұзақтығы**

Тізімдер

Қалталар тізімі



1) **Айналдыру түймелері**


Беттер арасында ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді.


2) **ROOT**

Түпкі каталогке ауысу.

3) **Қалтаның атауы**

Бұл аймақты басқан кезде қалтаға кіру орындалады.

 жазбалары бар қалтаны көрсетеді.

 ішіндегі жазбалары қазіргі сәтте ойнатылып жатқан қалтаны көрсетеді.

4) **Menu** (39-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

5) **Track List**

Таңдалған қалтаға кіру.


6) **Current Folder**

Қалталар тізімі көрсетіледі. Бірінші орында ішіндегі жазбалары қазіргі сәтте ойнатылып жатқан қалта орналасады.

7) **Back**

Аудиофайлдар ақпараттық экранына қайтып оралу.

Жазбалар тізімі



1) **Айналдыру түймелері**

Беттер арасында ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді.

2) **Жазба нөмірі/файлдың атауы**

Бұл аймақты басқан кезде жазбаларды ойнату басталады.

3) **Menu** (39-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

4) **Playback Info**

Аудиофайлдар ақпараттық экранына қайтып оралу.

5) **Back**

Қалталар тізіміне қайтып оралу.

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін немесе сканерлеу режимінде ойнату режимін таңдауға болады.


1 Аудиофайлдардың ақпараттық экранында немесе ойнату тізімінде дисплейде **Menu** түймесін басыңыз.

Қосалқы мәзір ашылады.

2 Дисплейді түрту арқылы қажетті режимді таңдаңыз.



3 Дисплейде **Close** түймесін басыңыз.



Таңдалған режимде ойнату басталады.

Қосалқы мәзір

| | |
|------------------------------------|---|
| Repeat | Бұл түймені әрбір түрткен сайын Repeat (Қайталап ойнату), Folder repeat (Қалтаны қайталап ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Repeat: ағымдағы жазбаны қайталап ойнату. Folder repeat: таңдалған қалтадағы жазбаларды қайталап ойнату. |
| Scan | Бұл түймені әрбір түрткен сайын Scan (Сканерлеу режимінде ойнату), Folder scan (Қалтаны сканерлеу режимінде ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Scan: ағымдағы қалтадағы әрбір жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату. Folder scan: тасушыдағы әрбір қалтадағы бірінші жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату. |
| Random | Бұл түймені әрбір түрткен сайын Random (Жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату), All random (Барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Random: жазбаларды таңдалған қалтаның ішінде кездейсоқ тәртіппен ойнату. All random: тасушыдағы барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату. |
| Sound Control | Дыбыс сапасын баптау. → «Дыбыс сапасының баптауы» (65-бет) |
| Current Track ^{*1} | Ағымдағы ойнату тізіміне ауысу. |

| | |
|--------------------------------------|--|
| ROOT ^{*1} | Түпкі каталогке ауысу және барлық ашық тұрған қалталарды жинау. |
| Folder Playback ^{*1} | Таңдалған қалтаның бірінші жазбасынан бастап барлық жазбаларды ойнату. |

^{*1} Бұл тармақтар тек ойнату тізімімен бірге көрсетілетін қосалқы мәзірде ғана бар.

Әртүрлі форматтағы файлдары бар дискілерді ойнату

Бұл бөлімде ішінде музыкалық дискілері де (CD-DA/CD-TEXT), аудиофайлдары да (MP3/WMA/AAC) бар компакт-дискілердің қалай ойнатылатыны түсіндіріледі.

Ойнатуды автоматты түрде іске қосу үшін компакт-дискіні салыңыз.

→ «Компакт-дискіні салу» (15-бет)

ЕСКЕРТПЕ

- Сипатталған әрекеттерді жүйеде әртүрлі форматтардағы файлдары бар компакт-диск болған жағдайда орындау қажет.

1 MEDIA түймесін басыңыз.

Алдыңғы дереккөздің ойнатылуы қайта жалғастырылады.

Дереккөз экранын көрсеткеннен кейін түймені басу ойнату дереккөздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.



Аралас файлдардың ақпараттық экраны ашылады.

2 Дисплейде CD не MP3/WMA/AAC түймесін басыңыз.



Әрі қарай музыкалық дискілерді немесе аудиофайлдарды ойнату кезіндегідей операциялар қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер CD аймағын түртсеңіз, «Компакт-дискілерді ойнату» бөлімін қараңыз (33-бет).
- Егер MP3/WMA/AAC аймағын түртсеңіз, «Компакт-дискіден аудиофайлдарды ойнату» бөлімін қараңыз (36-бет).
- Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы дереккөзді таңдауға болады.

Компакт-дискінің ақпараттық экраны (CD аймағын түрткен жағдайда)



1) **Дереккөз алаңы**

Таңдалған дыбыс көзінің атауын, ойнатылып жатқан жазбаның нөмірін, жазбаның уақытын, ойнату режимін және т. б. көрсетеді.

2) **Композицияның атауы**

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда композицияның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

3) **Орындаушының аты**

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда орындаушының аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO NAME жазуы көрсетіледі.

4) **Альбомның атауы**

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда альбомның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

5) **Menu** (35-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

6) **Track List**

Ойнату тізімін көрсету.
→ «Ойнату тізімін көру» (33-бет)

7) **Жазба нөмірі**

8) **Ойнату режимінің алаңы**

Ағымдағы ойнату режимін көрсетеді.
→ «Ойнату режимін өзгерту» (35-бет)

REPEAT : қайталап ойнату

SCAN : сканерлеу режимінде ойнату

RANDOM : жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату

9) **Жазбаның ұзақтығы**

Аудиофайлдар ақпараттық экраны (MP3/WMA/AAC аймағын түрткен жағдайда)



1) Дереккөз алаңы

Таңдалған дыбыс көзінің атауын, ойнатылып жатқан жазбаның нөмірін, жазбаның уақытын, ойнату режимін және т. б. көрсетеді.

2) Композицияның атауы

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда композицияның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

3) Орындаушының аты

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда орындаушының аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO NAME жазуы көрсетіледі.

4) Альбомның атауы

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда альбомның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

5) **Menu** (39-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

6) **Folder List**

Қалталар тізімін көрсету.
→ «Тізімдер» (38-бет)

7) Жазба нөмірі

8) Ойнату режимінің алаңы

Ағымдағы ойнату режимін көрсетеді.
→ «Ойнату режимін өзгерту» (39-бет)

- REPEAT** : қайталап ойнату
- FOLDER REPEAT** : қалтаны қайталап ойнату
- SCAN** : сканерлеу режимінде ойнату
- FOLDER SCAN** : қалтаны сканерлеу режимінде ойнату
- RANDOM** : жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату
- ALL RANDOM** : барлық қалталардағы барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату

9) Файл форматы

Ойнатылатын аудиофайлдың форматын көрсету.

10) Жазбаның ұзақтығы

iPod-ты қолдану

iPod/iPhone құрылғылары осы құрылғыға жалғанған болса, олардағы файлдарды ойнатуға болады.

⚠ САҚТАҢДЫРУ

- Автокөлікті басқару кезінде iPod/iPhone құрылғыларын қолға ұстауға және пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
- iPod/iPhone құрылғыларын автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз.
- Біздің компаниямыз iPod/iPhone құрылғыларын аудиожүйеге жалғау кезінде орын алған деректердің жоғалуы үшін жауапкершілік көтермейді.
- Құрылғыларды пайдаланған кездегі әрекеттерге байланысты аудиофайлдар бүлінуі және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің резервтік көшірмесін жасап қоюға кеңес беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- iPod/iPhone құрылғыларының буынына, моделіне және бағдарламалық құралына байланысты ойнату мүмкін емес болуы ықтимал (6-бет). Сонымен бірге осы нұсқаулықта сипатталған ойнату функциялары қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Автокөлігіңіздің пайдалану нұсқаулығында аудиожүйеге (қосымша жабдық) (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер) қосыла алатын iPod/iPhone құрылғыларының типтері және жүйеде ойнатыла алатын файлдардың типтері туралы толығырақ ақпарат келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ

- Бағдарламалық құралды жаңарту кейде осы жүйемен байланысты функциялардың өзгеруіне алып келеді.
- iPod/iPhone құрылғысын аудиожүйеге жалғағаннан кейін қосыңыз.
- iPod/iPhone құрылғыларын жалғау кезіндегі әрекеттер автокөліктің пайдалану нұсқаулығында сипатталған.
- iPod/iPhone құрылғыларын жалғаған кезде сатылымда бар iPod кабельдерін қолданыңыз.
- Егер iPod/iPhone құрылғысы жүйеге Bluetooth интерфейсі арқылы жалғанса, онда iPod/iPhone кабелі қажет емес. Бұл тәсілдердің екеуін де қолданып бір мезгілде жалғау құрылғылардың дұрыс жұмыс істемейтіндігіне алып келеді.
- Егер iPod/iPhone құрылғысы дұрыс жұмыс істемей тұрса, iPod/iPhone құрылғысын аудиожүйеден ажыратыңыз, оны өшіріп-қосыңыз да, қайтадан жалғаңыз.
- Тіпті iPod/iPhone құрылғысы бейне көру функциясын қолдайтын болса да, бейнені қарау қолжетімсіз.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде қосқыш кабельді жалғау секілді қауіпті әрекеттерді жасамау үшін құрылғының толық баптауын жүргізіңіз.
- Қауіпсіздік мақсатында, iPod/iPhone құрылғысын жалғағыңыз немесе ажыратқыңыз келсе, алдымен автокөлікті тоқтатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты құрылғының анықталуына және ойнатудың басталуына біршама уақыт қажет болуы мүмкін.
- Жүйеге iPod/iPhone құрылғысы жалғанған тұрған кезде бұл құрылғының түймелері жұмыс істемейді.
- Жалғаудың қолжетімсіздігі немесе функциялардың не интерфейс элементтерінің әртүрлі болуы iPod/iPhone құрылғысының техникалық сипаттамалары мен баптауларына байланысты болуы мүмкін.
- iPod/iPhone құрылғысының жадында орналасқан аудиофайлдардың сипаттамаларына байланысты жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Автокөліктің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозғалтқышты оталдырғаннан кейін ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- Авторлық құқықпен қорғалған файлдарды ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- iPod/iPhone құрылғысында эквалайзер баптауларын толық алып тастауға кеңес беріледі.

iPod құрылғысындағы жазбаларды ойнату

1 MEDIA түймесін басыңыз.

Алдыңғы дереккөздің ойнатылуы қайта жалғастырылады.

Дереккөз экранын көрсеткеннен кейін түймені басу ойнату дереккөздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.

iPod ақпараттық экраны ашылады.

2 Жазбаны таңдау үшін **SEEK TRACK** не **SEEK TRACK** түймесін басыңыз.


Таңдалған жазбаны ойнату басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Ағымдағы жазбаны тура/кері тәртіппен жылдамдатып ойнату үшін **SEEK TRACK** не **SEEK TRACK** түймесін басып тұрыңыз.
- Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы дереккөзді таңдауға болады.

Экран элементтері

iPod ақпараттық экраны



1) Дереккөз алаңы

Таңдалған дыбыс көзінің атауын, ойнатылып жатқан жазбаның нөмірін, жазбаның уақытын, ойнату режимін және т. б. көрсетеді.

2) Композицияның атауы

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда композицияның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

3) Мұқаба ^{*1}

Егер iPod құрылғысында мұқаба туралы ақпарат сақталған болса, бұл аймақта оның кескіні көрсетіледі.

4) Орындаушының аты

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда орындаушының аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO NAME жазуы көрсетіледі.

5) Альбомның атауы

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда альбомның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

6) Menu

Бұл аймақты түрткен кезде дисплейде ойнату режимін және т. б. өзгертуге мүмкіндік беретін қосалқы мәзір ашылады.

→ «Қосалқы мәзір» (46-бет)

7) Music List

Музыка тізімін көрсету.

→ «Музыка тізімі» (45-бет)

8) Жазбаның атауы ^{*2}/жазба нөмірі

Егер дискіде атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда жазбаның атауы көрсетіледі.

9) Ойнату режимінің алаңы

Ағымдағы ойнату режимін көрсетеді.

→ «Ойнату режимін өзгерту» (45-бет)

REPEAT: жазбаны қайталап ойнату

SHUFFLE: жазбаларды еркін тәртіппен ойнату

ALBUM-SHUFFLE: альбомды еркін тәртіппен ойнату

RPT/SHUFFLE: жазбаны қайталау/еркін тәртіппен ойнату

RPT/ALBUM-SFL: жазбаны қайталау/альбомдарды еркін тәртіппен ойнату

10) Күй пиктограммасы

- ойнату
- ойнату (ойнату жылдамдығы: жоғары)^{*2}
- ойнату (ойнату жылдамдығы: төмен)^{*2}
- үзіліс
- тоқтату
- тура тәртіппен жылдамдатып ойнату
- кері тәртіппен жылдамдатып ойнату

11) Жазбаның ұзақтығы

12) Орындалу индикаторы^{*1}

Жазбаның қандай бөлігінің ойнатылғанын көрсетеді.

13) ^{*1}

Бұл түймелер ойнатуды бастау және үзіліс үшін қолданылады.

14) **Chapter List**^{*1}

Аудиокітап тарауларының тізімін көрсетеді.
→ «Тараулар тізімін көру» (47-бет)


^{*1} Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктерде көрсетілмейді (қосымша жабдық).

^{*2} Тек аудиокітапты ойнату кезінде ғана.

Музыка тізімі

iPod ақпараттық экранында Music List аймағын түрткен жағдайда тиісті мәзір ашылады.

Бұл тізімде алуан түрлі санаттардың тізімдері көрсетіле алады.



Санаттар мәзірі

| | |
|----------------------|--|
| Category menu | Санаттар тізімін көрсетеді. → «Ойнату тізімі бойынша іздеу» (46-бет) |
| Back | Ақпараттық экранға қайтып оралу. → «iPod ақпараттық экраны» (44-бет) |
| Menu | Қосалқы мәзірді көрсету, ойнату режимін өзгерту және т. б. → «Қосалқы мәзір» (46-бет) |

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін және т. б. таңдауға болады.

1 iPod ақпараттық экранында

Menu түймесін түртіңіз.

Қосалқы мәзір ашылады.

2 Дисплейді түрту арқылы қажетті режимді таңдаңыз.



3 Дисплейде **Close** түймесін басыңыз.



Таңдалған режимде ойнату басталады.

Қосалқы мәзір

| | |
|-----------------------|---|
| Repeat | Бұл түймені әрбір түрткен сайын қайталап ойнату (Repeat) режимі және болдырмау (Cancel) арасында ауыстырып қосу орын алады. Repeat: ағымдағы жазбаны қайталап ойнату. Қайталап ойнатудан бас тартылған жағдайда ағымдағы деңгейдегі жазбаларды қайталау орындалады. |
| Shuffle | Бұл аймақты әрбір түрткен сайын Shuffle (Жазбаларды еркін тәртіппен ойнату), Album shuffle (Альбомдарды еркін тәртіппен ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Shuffle: ағымдағы деңгейдегі жазбаларды еркін тәртіппен ойнату. Album shuffle: ағымдағы деңгейдегі барлық альбомдарды кездейсоқ тәртіппен ойнату. Әйтсе де альбомдардың өзіндегі жазбалардың ойнатылу тәртібі өзгермейді. |
| Playback Speed | Бұл аймақты әрбір түрткен сайын келесі тәртіппен режимдер арасында ауыстырып қосу орын алады:  (қалыпты),  (тез),  (баяу) және  (қалыпты). Тек аудиокітаптар үшін. |
| Sound Control | Дыбыс сапасын баптау. → «Дыбыс сапасының баптауы» (65-бет) |

¹ Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктерде көрсетілмейді (қосымша жабдық).

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қайталап ойнату режимі белсенді болса, онда қайталап ойнату тіпті жазбаларды немесе альбомдарды еркін тәртіппен ойнату режимі қосылған жағдайда да жалғасады.


Ойнату тізімі бойынша іздеу

Music List мәзірінде (45-бет) санатты түрткен жағдайда санаттар тізімі көрсетіледі. Тізімді басқан кезде альбомдар мен жазбалардың атаулары көрсетіледі, сондай-ақ қажетті жазбаны іздеу функциясы қолжетімді болады.

1 iPod ақпараттық экранында Music List түймесін түртіңіз.

Музыка тізімі көрсетіледі.


2 Түрту арқылы қажетті санатты таңдаңыз.



Санаттар мәзірі

Таңдалған санат тізімі ашылады.

3 Ойнату қажет болатын тізім тармағын түртіңіз.



Таңдалған тармақтың тізімі ашылады. 3-тармақты қайталаңыз және жазбаларды іздеу әрекетін жүргізіңіз. Ойнату тізімдегі жазбаны түрту арқылы басталады.


ЕСКЕРТПЕ

- 3-тармақтағы деңгейлердің саны
- 2-тармақта таңдалған санатқа байланысты.
- Тізімде iPod құрылғысында сақталып тұрған атаулары бар ақпарат көрсетіледі.

Ақпараттық экранды шақыру

Тізімді қарау кезінде ағымдағы жазба үшін iPod ақпараттық экранын шақыруға болады.

1 Тізім экранында **Playback Info** түймесін түртіңіз.



Тараулар тізімін көру


Егер iPod құрылғысының көмегімен аудиокітапты ойнату орындалып жатса, бұл кітаптың тарауларының тізімін қарап көруге және оларды рет-ретімен ойнатылуын орындауға болады.

Төменде ақпараттық экранда орындалатын әрекеттер сипатталған.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функция тек аудиокітаптарды ойнату функциясы бар iPod құрылғыларында ғана қолжетімді.
- Bluetooth қосылысының көмегімен бұл функцияны қолдану мүмкін емес.

1 Аудиокітапты ойнату кезінде ақпараттық экранда **Chapter List** түймесін түртіңіз.



USB құрылғыларын қолдану

Бұл құрылғыға USB құрылғыларын, мысалы, USB-жинақтағыштарды қосқан кезде осы құрылғылардағы жазбаларды тыңдауға болады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті басқару кезінде USB құрылғысын қолға ұстауға және пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
- USB құрылғыларын автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз.
- Қатты дискілерді немесе жад карталарын оқуға арналған құрылғыларды қолданбаңыз, себебі оларда сақталған деректер бүлінуі мүмкін.
Егер бұл құрылғылар қателікпен жүйеге жалғанған болса, OFF жұмыс режиміне ауыстырып қосыңыз және бұл құрылғыларды ажыратыңыз.
- USB құрылғыларының зақымданбайтынына немесе оларда сақталған деректердің жойылмайтынына ешқандай кепілдік берілмейді.
- Құрылғыларды пайдаланған кездегі әрекеттерге байланысты аудиофайлдар бүлінуі және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің резервтік көшірмесін жасап қоюға кеңес беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Үйлесімді USB құрылғылары мен USB кіріс ағытпалары автокөліктің пайдалану нұсқаулығында сипатталған.

ЕСКЕРТПЕ

- Үйлесімді файлдар форматтары туралы толық ақпарат автокөліктің пайдалану нұсқаулығында келтірілген (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер: қосымша жабдық).
- USB құрылғыларын жалғау кезіндегі әрекеттер автокөліктің пайдалану нұсқаулығында сипатталған.
- USB құрылғысының түріне байланысты оны пайдалану мүмкін емес немесе кейбір функциялар қолжетімсіз болуы мүмкін.
- USB құрылғылары үшін ұсынылатын файл жүйесінің түрі — FAT32.
- USB құрылғыларының максималды істейтін көлемі — 32 ГБ.
- Аудиожүйеге ішінде аудиофайлдары бар USB құрылғыларын жалғауға кеңес беріледі.
- USB құрылғысын жалғаған кезде сатылымда бар жалғағыш кабельдерді қолданыңыз. Кабельді қолданбастан жалғау ағытпаға жоғары жүктеме түсіруі және оны зақымдауы мүмкін.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде қосқыш кабельді жалғау секілді қауіпті әрекеттерді жасамау үшін құрылғының толық баптауын жүргізіңіз.
- Қауіпсіздік мақсатында, USB құрылғысын жалғағыңыз немесе ажыратқыңыз келсе, алдымен автокөлікті тоқтатыңыз.
- USB кіріс ағытпасына аудиоқұрылғылардан өзге құрылғыларды жалғауға тыйым салынады. Бұл құрылғыны немесе жабдықты зақымдауы мүмкін.
- USB құрылғысының күйіне байланысты құрылғының анықталуына және ойнатудың басталуына біршама уақыт қажет болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- USB құрылғысына байланысты USB құрылғысы жалғанып тұрған кезде бұл жүйенің түймелері жұмыс істемейді.
- Авторлық құқықпен қорғалған файлдарды ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- Жалғаудың қолжетімсіздігі немесе функциялардың не интерфейс элементтерінің әртүрлі болуы USB құрылғысының техникалық сипаттамалары мен баптауларына байланысты болуы мүмкін.
- USB құрылғысының жадында орналасқан аудиофайлдардың сипаттамаларына байланысты жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Автокөліктің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозғалтқышты оталдырғаннан кейін ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.

USB-жинақтағыштағы жазбаларды тыңдау

1 MEDIA түймесін басыңыз.

Алдыңғы дереккөздің ойнатылуы қайта жалғастырылады.

Дереккөз экранын көрсеткеннен кейін түймені басу ойнату дереккөздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.



USB құрылғысының ақпараттық экраны ашылады.

2 Қалтаны таңдау үшін TUNE реттегішін бұраңыз.

3 Жазбаны таңдау үшін SEEK TRACK не SEEK TRACK түймесін басыңыз.



Таңдалған жазбаны ойнату басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Ағымдағы жазбаны тура/кері тәртіппен жылдамдатып ойнату үшін SEEK TRACK не SEEK TRACK түймесін басып тұрыңыз.
- Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы дереккөзді таңдауға болады.

Экран элементтері

Ақпараттық экран



1) Дереккөз алаңы

Таңдалған дыбыс көзінің атауын, ойнатылып жатқан жазбаның нөмірін, жазбаның уақытын, ойнату режимін және т. б. көрсетеді.

2) Композицияның атауы

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда композицияның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

3) Орындаушының аты

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда орындаушының аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO NAME жазуы көрсетіледі.

4) Альбомның атауы

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда альбомның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

5) Menu

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады. → «Қосалқы мәзір» (52-бет)

6) Жазба нөмірі

7) Ойнату режимінің алаңы

Ағымдағы ойнату режимін көрсетеді. → «Ойнату режимін өзгерту» (52-бет)

- REPEAT : қайталап ойнату
- FOLDER REPEAT : қалтаны қайталап ойнату
- SCAN : сканерлеу режимінде ойнату
- FOLDER SCAN : қалтаны сканерлеу режимінде ойнату
- RANDOM : жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату
- ALL RANDOM : барлық қалталардағы барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату
- REPEAT : жазбаны қайталап ойнату^{*1}
- SHUFFLE : еркін тәртіппен ойнату^{*1}
- ALBUM-SHUFFLE : альбомдарды еркін тәртіппен ойнату^{*1}
- RPT/SHUFFLE : жазбаны қайталау/еркін тәртіппен ойнату^{*1}
- RPT/ALBUM-SFL : жазбаны қайталау/альбомдарды еркін тәртіппен ойнату^{*1}

Жалғасы келесі бетте

8) Файл форматы

Ойнатылатын аудиофайлдың форматын көрсету.

Ойнату тізімі режимінде көрсетілмейді.

9) Жазбаның ұзақтығы

10) Folder List

Қалталар тізімін көрсету.

→ «Тізімдер» (50-бет)

Егер Playlist Mode ойнату тізімі режимі белсенді болса, Music List түймесі де көрсетіледі. Тұрткен кезде музыка тізімі көрсетіледі.

→ «Музыка тізімі» (52-бет)

11) Playlist Mode^{*2}

Егер USB құрылғысында атаулары бар ақпарат болса, олар осы жерде көрсетіледі.


Бұл түймені тұрткен кезде дисплейде Folder List түймесі Music List түймесіне ауысады. Енді музыка тізімін шақыруға болады.

^{*1} Тек ойнату тізімі режимінде ғана.

^{*2} Қосымша жабдық (тек Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін).

Тізімдер

Қалталар тізімі



1) Айналдыру түймелері

Беттер арасында ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді.

2) ROOT

Түпкі каталогке ауысу.

3) Қалтаның атауы

Бұл аймақты басқан кезде қалтаға кіру орындалады.



жазбалары бар қалтаны көрсетеді.



ішіндегі жазбалары қазіргі сәтте ойнатылып жатқан қалтаны көрсетеді.

4) Menu (52-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

5) Track List

Таңдалған қалтаға кіру.


6) Current Folder

Қалталар тізімі көрсетіледі. Бірінші орында ішіндегі жазбалары қазіргі сәтте ойнатылып жатқан қалта орналасады.

7) Back

USB құрылғысының ақпараттық экранына қайтып оралу.

Жазбалар тізімі



- 1) Айналдыру түймелері**
Беттер арасында ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді.
- 2) Жазба нөмірі/файлдың атауы**
Бұл аймақты басқан кезде жазбаларды ойнату басталады.
- 3) Menu (52-бет)**
Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.
- 4) Playback Info**
USB құрылғысының ақпараттық экранына қайтып оралу.
- 5) Back**
Қалталар тізіміне қайтып оралу.

Ойнату тізімін көру

Ойнату тізімін көру көзінде жазбаны іздеу барысында сондай-ақ тіркелген қалталарды да тексеруге болады.

- 1 Ақпараттық экранда Folder List түймесін, содан кейін дисплейде ROOT түймесін басыңыз.**

Қалталар тізімі ашылады.

- 2 Қажетті қалтаны таңдаңыз да, Track List түймесін басыңыз.**



Ойнату тізімі ашылады.

- 3 Дисплейде Playback Info түймесін басыңыз.**

USB құрылғысының ақпараттық экранына қайтып оралу орын алады.

ЕСКЕРТІЕ

- Дисплейдегі не түймесін түрту арқылы экранның келесі немесе алдыңғы бетіне өтуіңізге болады.


Қосымша жабдық

(Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін)

Музыка тізімін шақыру

Музыка тізімі ашық тұрған кезде әрбір орындаушыға немесе альбомға қатысты музыка тізімдерін қарап көруге болады.

- 1 USB құрылғысының ақпараттық экранында Playlist Mode түймесін түрткізіз.**




Playlist Mode түймесі белсенді күйге енеді, ал Folder List түймесі Music List түймесіне ауысады.

- 2 Дисплейде Music List түймесін басыңыз.**

Музыка тізімі көрсетіледі.


- 3 Дисплейдегі кез келген тармақты түрткізіз.**



Таңдалған тармаққа сәйкес келетін тізім ашылады.

Музыка тізімі

Төменде Playlist Mode ойнату тізімінің режимі белсенді және Music List түймесі басылған болса, көрсетілген мәзірдің сипаттамасы келтірілген.



| | |
|------------------|--|
| Playlists | Ойнату тізімдерін көрсету. |
| Artists | Орындаушылар тізімдерін көрсету. |
| Albums | Альбомдар тізімдерін көрсету. |
| Songs | Композициялар тізімдерін көрсету. |
| Genres | Жанрлар тізімдерін көрсету. |
| Back | Ақпараттық экранға қайтып оралу. → «Ақпараттық экран» (49-бет) |
| Menu | Қосалқы мәзірді көрсету, ойнату режимін өзгерту және т. б. → «Қосалқы мәзір» (52-бет) |

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін немесе сканерлеу режимінде ойнату режимін таңдауға болады.

1 USB құрылғыларының ақпараттық экранында немесе ойнату тізімінде дисплейде


Menu түймесін басыңыз.

Қосалқы мәзір ашылады.

2 Дисплейді түрту арқылы қажетті режимді таңдаңыз.



3 Дисплейде **Close** түймесін басыңыз.



Таңдалған режимде ойнату басталады.

Қосалқы мәзір

| | |
|-----------------------------|---|
| Repeat | Бұл түймені әрбір түрткен сайын Repeat (Қайталап ойнату), Folder repeat (Қалтаны қайталап ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Repeat: ағымдағы жазбаны қайталап ойнату. Folder repeat: таңдалған қалтадағы жазбаларды қайталап ойнату. |
| Scan ^{*1} | Бұл түймені әрбір түрткен сайын Scan (Сканерлеу режимінде ойнату), Folder scan (Қалтаны сканерлеу режимінде ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Scan: ағымдағы қалтадағы әрбір жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату. Folder scan: тасушыдағы әрбір қалтадағы бірінші жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату. |
| Random ^{*1} | Бұл түймені әрбір түрткен сайын Random (Жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату), All random (Барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Random: жазбаларды таңдалған қалтаның ішінде кездейсоқ тәртіппен ойнату. All random: тасушыдағы барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату. |

| | |
|--------------------------------------|--|
| Shuffle ^{*2} | Бұл аймақты әрбір түрткен сайын Shuffle (Жазбаларды еркін тәртіппен ойнату), Album shuffle (Альбомдарды еркін тәртіппен ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Shuffle: ағымдағы деңгейдегі жазбаларды еркін тәртіппен ойнату. Album shuffle: ағымдағы деңгейдегі барлық альбомдарды кездейсоқ тәртіппен ойнату. Әйтсе де альбомдардың өзіндегі жазбалардың ойнатылу тәртібі өзгермейді. |
| Sound Control | Дыбыс сапасын баптау. → «Дыбыс сапасының баптауы» (65-бет) |
| Current Track ^{*3} | Ағымдағы ойнату тізіміне ауысу. |
| ROOT ^{*3} | Түпкі каталогке ауысу және барлық ашық тұрған қалталарды жинау. |
| Folder Playback ^{*3} | Таңдалған қалтаның бірінші жазбасынан бастап барлық жазбаларды ойнату. |
| Database ^{*4} | Gracenote деректер базасының нұсқасын тексеруге мүмкіндік береді. |

^{*1} Ойнату тізімі режимінде көрсетілмейді.

^{*2} Тек ойнату тізімі режимінде ғана.

^{*3} Бұл тармақтар тек қалталар тізімімен бірге көрсетілетін қосалқы мәзірде ғана бар.

^{*4} Бұл тармақ Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктерде ғана көрсетіледі (қосымша жабдық).

Сыртқы құрылғылар

Қосымша жабдық

(Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін)

Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыны қолдану

Бұл құрылғы сатылымда бар Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғылардағы жазбаларды ойната алады.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті басқару кезінде Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыны қолға ұстауға және пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
- Bluetooth интерфейсі бар құрылғыны автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғыларды пайдаланған кездегі әрекеттерге байланысты аудиофайлдар бүлінуі және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің резервтік көшірмесін жасап қоюға кеңес беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғының түріне байланысты оны қолдану немесе оның кейбір функциялары қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Бағдарламалық құралды жаңарту кейде осы жүйемен байланысты функциялардың өзгеруіне алып келеді.
- Егер жүйеге Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғы жалғанған болса, Bluetooth қосылысының көмегімен дауысты байланыс функциясы (58-бет) бөлек құрылғы арқылы бәрібір қолданыла алады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолданар алдында Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыларды пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз.
- Аудиоқұрылғының түріне байланысты дыбыс деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Дыбыс деңгейінің кенеттен ұлғаю ықтималдығы бар, сондықтан қолданар алдында дыбыс реттегішін минималды мәнге қойып алыңыз.
→ «Дыбыс деңгейін реттеу» (14-бет)
- Bluetooth интерфейсі бар құрылғының күйіне байланысты құрылғының анықталуына және ойнатудың басталуына біршама уақыт қажет болуы мүмкін.
- Жалғаудың болмауы немесе функциялардың не интерфейс элементтерінің әртүрлі болуы Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғының техникалық сипаттамалары мен баптауларына байланысты болуы мүмкін.
- Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғының жадында орналасқан аудиофайлдардың сипаттамаларына байланысты жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Автокөліктің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозғалтқышты оталдырғаннан кейін ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- Авторлық құқықпен қорғалған файлдарды ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыда эквалайзер баптауларын толық алып тастауға кеңес беріледі.
- Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыны бірінші рет тыңдаған кезде қосылысты баптап алу қажат (54-бет).

Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыны жалғау

Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыны осы аудиожүйеге жалғау үшін Bluetooth функциясы қолданылады.

Толығырақ «*Bluetooth баптауы*» бөлімінен қараңыз (72-бет).

Төменде сипатталған әрекеттер жалғанып тұрған құрылғыға қатысты.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер iPod/iPhone құрылғысы жүйеге Bluetooth интерфейсі арқылы жалғанса, онда iPod/iPhone кабелі қажет емес. Бұл тәсілдердің екеуін де қолданып бір мезгілде жалғау құрылғылардың дұрыс жұмыс істеуіне алып келеді.

Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғылардағы файлдарды тыңдау

1 MEDIA түймесін басыңыз.

Алдыңғы дереккөздің ойнатылуы қайта жалғастырылады.

Дереккөз экранын көрсеткеннен кейін түймені басу ойнату дереккөздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.



Bluetooth аудиофайлдары ақпараттық экраны ашылады.


2 Жазбаны таңдау үшін <<< SEEK TRACK не SEEK TRACK >>> түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ағымдағы жазбаны тура/кері тәртіппен жылдамдатып ойнату үшін <<< SEEK TRACK не SEEK TRACK >>> түймесін басып тұрыңыз.
- Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы дереккөзді таңдауға болады.

Экран элементтері

Ақпараттық экран



1) Дереккөз алаңы

Таңдалған дыбыс көзінің атауын, ойнатылып жатқан жазбаның нөмірін, жазбаның уақытын, ойнату режимін және т. б. көрсетеді.

2) Жазба нөмірі

3) Композицияның атауы *1

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда композицияның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

4) Орындаушының аты *1

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда орындаушының аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO NAME жазуы көрсетіледі.

5) Альбомның атауы *1

Егер атаулары бар ақпарат жазылған болса, бұл алаңда альбомның атауы көрсетіледі. Егер мұндай ақпарат жоқ болса, NO TITLE жазуы көрсетіледі.

6) Setting

Bluetooth баптауларын өзгертуге мүмкіндік береді.
→ «Bluetooth баптауы» (72-бет)

7) Menu (56-бет)

Қосалқы мәзірді шақыру. Ойнату режимін өзгерту және т. б. үшін қолданылады.

8) Bluetooth қосылысының пиктограммасы

: аудиоқұрылғы қосылысының пиктограммасы
: телефон қосылысының пиктограммасы

9) Батареяның қалған зарядының индикаторы *1

Жалғанған Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғының қалған заряд деңгейін көрсетеді.

Жалғасы келесі бетте

10) Ойнату режимінің алаңы ^{*1, *2}

- REPEAT** : қайталап ойнату
- ALL REPEAT** : барлық жазбаларды қайталап ойнату
- SCAN** : сканерлеу режимінде ойнату
- RANDOM** : жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату
- ALL RANDOM** : барлық қалталардағы барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату

11) Күй пиктограммасы ^{*1}

- : ойнату
- : үзіліс
- : тоқтату
- : тура тәртіппен жылдамдатып ойнату
- : кері тәртіппен жылдамдатып ойнату

12) Жазбаның ұзақтығы ^{*1}

- : Ойнатуды тоқтатады.

- 14) : Бұл түймелер ойнатуды бастау және үзіліс үшін қолданылады.

^{*1} AVRCP хаттамасының 1.0 нұсқасын қолданған жағдайда көрсетілмейді.

^{*2} Егер бұл ақпарат жоқ болса, көрсетілмейді.

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін немесе сканерлеу режимінде ойнату режимін таңдауға болады.

* AVRCP хаттамасының 1.0 нұсқасы қолданылатын болса, бұл функция қолжетімсіз.


1 Ақпараттық немесе басқа экранда дисплейде **Menu** түймесін түртіңіз.

Қосалқы мәзір ашылады.

2 Дисплейді түрту арқылы қажетті режимді таңдаңыз.



3 Дисплейде **Close** түймесін түртіңіз.



Таңдалған режимде ойнату басталады.

Қосалқы мәзір

| | |
|-----------------------------|---|
| Repeat ^{*1} | Бұл аймақты әрбір түрткен сайын Repeat (Қайталап ойнату), All repeat (Барлық жазбаларды қайталап ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Repeat: ағымдағы жазбаны қайталап ойнату. All repeat: Bluetooth интерфейсі бар құрылғының жадында орналасқан барлық жазбаларды қайталап ойнату. |
| Scan ^{*1} | Бұл түймені әрбір түрткен сайын Scan (Сканерлеу режимінде ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Scan: ағымдағы топтағы әрбір жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату. |
| Random ^{*1} | Бұл түймені әрбір түрткен сайын Random (Жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату), All Random (Барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату) және Cancel (Болдырмау) режимдерінің арасында рет-ретімен ауыстырып қосу орын алады. Random: жазбаларды таңдалған альбомның ішінде кездейсоқ тәртіппен ойнату. All Random: Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғыдағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату. |
| Sound Control | Дыбыс сапасын баптау. → «Дыбыс сапасының баптауы» (65-бет) |

^{*1} Bluetooth интерфейсі бар аудиоқұрылғының түріне байланысты басқару принципі әртүрлі болуы мүмкін.

Сыртқы AUX аудиокірісін қолдану режимі

Кіріс кабелінің көмегімен сыртқы құрылғыны AUX ағытпасына жалғау арқылы сыртқы құрылғыдағы жазбаларды жүйенің динамиктері арқылы тыңдауға болады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Аудиоқұрылғыны жалғауды сыртқы аудиокірісті қолданудың өшірулі режимінде немесе дыбыс деңгейі өшірулі тұрғанда орындау қажет.
- Тіпті жалғанған құрылғылар болмаса да, жүйе AUX режиміне ауысады, сондықтан жүйеге құрылғылар қосылмай тұрған кезде дыбыс деңгейін қадағалаңыз.
- AUX ағытпасының көмегімен сыртқы құрылғылардан бейнені көру мүмкін емес.
- Қозғалтқышты өшіріп қойып, AUX режимін қолданған жағдайда аккумулятор батареясының заряды отыруы мүмкін, нәтижесінде қозғалтқышты оталдыру мүмкін емес болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөлікте сыртқы AUX аудиокірісі жоқ болса, тіпті құрылғыны AUX режиміне ауыстырып қосқаннан кейін де бұл функция қолжетімсіз болады.
- Жалғанған аудиоқұрылғының типіне байланысты белгілі бір деңгейде шу болуы мүмкін.
- Жалғанған аудиоқұрылғыны қуаттау оның өз қуат элементтерінен орындалуы тиіс. Егер аудиоқұрылғыны қолдану кезінде ол шылымтұтатқыш ағытпасы арқылы зарядталатын болса, бұл динамиктерде шудың пайда болуына алып келуі мүмкін.
- Егер жүйеге аудиоқұрылғылар жалғанбаған болса, сыртқы аудиокірісті қолдану режимін таңдамаған жөн. Бұл динамиктерде шудың пайда болуына алып келуі мүмкін.
- Сыртқы құрылғылардың AUX ағытпасына жалғануы автокөліктің пайдалану нұсқаулығында сипатталған.

Көрсетілуі

1 MEDIA түймесін басыңыз.

Алдығы дереккөздің ойнатылуы қайта жалғастырылады. Дереккөз экранын көрсеткеннен кейін түймені басу ойнату дереккөздерінің ретімен өзгеруіне алып келеді.

Сыртқы AUX аудиокірісіне жалғанған құрылғыдан дыбысты қабылдау режимі қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- AUX түймесі тіпті AUX ағытпасына сыртқы құрылғы жалғанбаған болса да көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Menu, содан кейін Sound Control түймелерін тұрту арқылы дыбыс сапасын реттеуге болады.
→ «Дыбыс сапасының баптауы» (65-бет)
- Басты экранды шақыруға арналған HOME түймесін, содан кейін осы экранда дыбыс көзін таңдау түймесін басу арқылы дереккөзді таңдауға болады.

АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАПТАУЛАР

АҚПАРАТ

Қосымша жабдық

(Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін)

Мобильді телефон

Бұл құрылғыға мобильді телефонды жалғау дауысты байланыс функциясын қолдануға мүмкіндік береді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік мақсатында автокөлікті басқару кезінде мобильді телефонды пайдалануға кеңес берілмейді. Мобильді телефонды қолданбас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
- Мобильді телефонды автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз. Егер тежелу немесе бұрылыстан өту кезінде телефон еденге құлап түсетін болса, тежегіш педальінің астына тұрып қалуы мүмкін. Бұл жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Телефонның пернетақтаны блоктау секілді функцияларын өшіріп қойыңыз және оны күту режимінің экраны көрсетіліп тұрған кезде жүйеге жалғаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Мобильді телефон жүйеге жалғанып тұрған кезде оның функциялары (қоңырауларды қабылдау және т. с. с.) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйе мен мобильді телефонның арақашықтығына, автокөлік ішіндегі жағдайларға және кедергілердің бар-жоғына байланысты жалғау мүмкін емес болуы ықтимал. Мұндай жағдайда мобильді телефонды аудиожүйеге мүмкіндігінше жақынырақ орналастыру қажет.
- Бұл аудиожүйе мобильді телефондар мен аудиоқұрылғыларды қоса алғанда, 7-ге дейін Bluetooth құрылғысын тіркеуге мүмкіндік береді.
- Тіпті Bluetooth интерфейсі бар мобильді телефонды жалғаған жағдайда да параметрлер мен техникалық сипаттамаларға байланысты барлық функциялардың дұрыс жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді.
- Тіпті Bluetooth интерфейсі бар мобильді телефонды жалғаған жағдайда да телефон баптаулары мен сипаттамаларына байланысты экран элементтерінде өзгешеліктер немесе функциялардың дұрыс жұмыс істемеуі байқалуы мүмкін.
- Кейбір модельдерде жалғанудың расталуы көрсетілмеуі немесе байланыстыру орын алмауы мүмкін.

Мобильді телефонды жалғау

Мобильді телефонды осы құрылғыға жалғау үшін Bluetooth интерфейсі қолданылады. Толығырақ «Bluetooth баптауы» бөлімінен қараңыз (72-бет).
Төменде сипатталған әрекеттер жалғанып тұрған құрылғыға қатысты.

ЕСКЕРТПЕ

- Төменде сипатталған әрекеттерді орындау үшін Bluetooth хаттамасы бар мобильді телефон қажет.

Телефон анықтамалығын қарау

Бұл құрылғының өз телефон анықтамалығы бар, сондай-ақ ол мобильді телефонда сақталған телефон анықтамалығын қарап көруге мүмкіндік береді.

1

HOME түймесін басыңыз немесе дисплейде **Phone** түймесін түртіңіз.






Автокөліктің телефон кітапшасының экраны ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл құрылғының көмегімен мобильді телефонның телефон анықтамалығындағы жазбаларды қосу, редакциялау немесе өшіру мүмкін емес.
- Егер автокөліктің телефон анықтамалығы көрсетіліп тұрса және мобильді телефонның телефон анықтамалығын қарау қажет болса, Mobile Phonebook (мобильді телефонның телефон анықтамалығы) алаңын түртіңіз.
- Егер мобильді телефонның телефон анықтамалығы көрсетіліп тұрса және автокөліктің телефон анықтамалығын қарау қажет болса, Vehicle Phonebook (автокөліктің телефон анықтамалығы) алаңын түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Есімнің бірінші әрпі  не  түймесін басу арқылы өзгертіледі.
- Есімнің бірінші әрпін түрткен кезде осы әріптен басталатын есімдердің тізбесі көрсетіледі.

**Телефон анықтамалығына жазбалар қосу**

Телефон анықтамалығына телефон нөмірлерін қосуыңызға болады.

Жазбаларды мобильді телефоннан жүктеу

Мобильді телефонның телефон анықтамалығынан жазбаларды автокөліктің телефон анықтамалығына жүктеуіңізге болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің телефон анықтамалығымен жұмысты бастамас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тек телефон нөмірлері мен есімдер ғана көшіріледі.
- Автокөліктің телефон анықтамалығына 32-ден аспайтын жазба тіркеуге болады.
- Мобильді телефонның телефон анықтамалығына 1000-нан аспайтын жазба тіркеуге болады.
- Тіпті мобильді телефон бұл функцияны қолдайтын болса да, телефон моделіне және оның баптауларына байланысты деректер тасымалданбауы мүмкін.
- Деректер тасымалы бірнеше минутқа созылуы мүмкін.
- Бұл аудиожүйенің көмегімен мобильді телефонның телефон анықтамалығындағы жазбаларды қосу, редакциялау немесе өшіру мүмкін емес.
- Мобильді телефонмен жұмыс істеу бойынша толығырақ ақпарат мобильді телефонның пайдалану нұсқаулығында келтірілген.

Бір жазба қосу**1 Автокөліктің телефон анықтамалығының экранын ашыңыз.**

→ «Телефон анықтамалығын қарау» (58-бет).

2 Дисплейде **Import түймесін басыңыз.****3 Дисплейде **Yes** түймесін басыңыз.**

Бұл әрекетті «Import this phonebook entry?» («Бұл жазбаны телефон анықтамалығына импорттау қажет пе?») хабарламасы көрсетілген кезде орындаңыз.

4 Телефон нөмірін таңдаңыз

Көшірілуі тиіс телефон нөмірлерін таңдау үшін мобильді телефонды қолдану қажет. Толығырақ ақпарат алу үшін мобильді телефонның пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

Мобильді телефонның телефон анықтамалығын жүктеу аяқталғаннан кейін «Import successful» («Импорт сәтті аяқталды») хабарламасы пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Мобильді телефон OPP (Object Push Profiles) профилін қолдауы тиіс.
- Тек үй, жұмыс және мобильді телефон нөмірлері туралы деректер ғана көшіріледі.

Барлық жазбаларды қосу

1 Мобильді телефонның телефон анықтамалығының экранын ашыңыз.

→ «Телефон анықтамалығын қарау» (58-бет)

2 Дисплейде **Import** түймесін басыңыз.

3 Дисплейде **Yes** түймесін басыңыз.

Бұл әрекетті «Import entire phonebook from this phone?» («Телефон анықтамалығының барлық жазбаларын импорттау қажет пе?») хабарламасы көрсетілген кезде орындаңыз.

Мобильді телефонның телефон анықтамалығын жүктеу аяқталғаннан кейін «Import successful» («Импорт сәтті аяқталды») хабарламасы пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Мобильді телефонның телефон анықтамалығынан барлық жазбаларды жүктеген кезде бұған дейін аудиожүйенің телефон анықтамалығына жазылған барлық телефон нөмірлері өшіріліп, қайта жазылады.
- Тек үй, жұмыс және мобильді телефон нөмірлері туралы деректер ғана көшіріледі.
- Автокөліктің телефон анықтамалығына 32-ден аспайтын жазба тіркеуге болады.
- Мобильді телефон PBAP (Phone Book Access Profiles) профилін қолдауы тиіс.

Телефон анықтамалығын редакциялау

Сақталған телефон анықтамалығындағы жазбаларды редакциялауыңызға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің телефон анықтамалығын редакциялауды бастамас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

1 Автокөліктің телефон анықтамалығының экранын ашыңыз.

→ «Телефон анықтамалығын қарау» (58-бет)

2 Дисплейде редакциялануы тиіс телефон анықтамалығын басыңыз.



3 Дисплейде **Edit** түймесін басыңыз.

4 Дисплейде редакциялануы тиіс алаңды басыңыз.



5 Телефон нөмірін енгізіңіз және **Enter** түймесін түртіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Енгізілген өзгертулердің күшін жою үшін Back (Артқа) түймесін басыңыз.
- Дауыс белгісін редакциялау үшін редакциялау экранында Voice Tag (Дауыс белгісі) түймесін басыңыз.

Телефон анықтамалығындағы жазбаларды жою

Телефон анықтамалығында сақталған жазбаларды өшіруіңізге болады.

⚠ **ЕСКЕРТУ**

- Автокөліктің телефон анықтамалығындағы жазбаларды өшіруді бастамас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

Бір жазбаны өшіру

1 Автокөліктің телефон анықтамалығының экранын ашыңыз.

→ «Телефон анықтамалығын қарау» (58-бет)

2 Дисплейде өшірілуі тиіс жазбаны басыңыз.



3 Дисплейде **Delete** түймесін басыңыз.

4 Дисплейде **Yes** түймесін басыңыз.

Телефон анықтамалығындағы жазбаларды жою аяқталды.


Телефон анықтамалығындағы бірнеше жазбаны жою

1 Автокөліктің телефон анықтамалығының экранын ашыңыз.

→ «Телефон анықтамалығын қарау» (58-бет)

2 Дисплейде **Menu** түймесін басыңыз.

3 Қажетті өшіру тәсілін таңдаңыз.



| | |
|-----------------------------|--|
| Delete Selected Item | Бірнеше жазбаны таңдаңыз және өшіруге арналған Delete (Жою) алаңыз түртіңіз. |
| Clear All | Телефон анықтамалығындағы барлық жазбаларды жою. |

4 Дисплейде **Yes** түймесін басыңыз.

Телефон анықтамалығындағы жазбаларды жою аяқталды.

Телефон нөмірін теру

Абонентті шақырудың бірнеше тәсілі бар.

⚠ **САҚТАНДЫРУ**

- Автокөлікті басқару кезінде мүмкіндігінше телефон қоңырауларын жасаудан бас тартыңыз. Алдымен автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
- Кейбір мобильді телефондар бір нөмірді үш минуттың ішінде үш реттен артық теруге жол бермейді.


Телефон нөмірін енгізу арқылы шақыру

1 Автокөліктің телефон анықтамалығының немесе мобильді телефонның телефон анықтамалығының экранын ашыңыз

→ «Телефон анықтамалығын қарау» (58-бет)

2 **Menu** түймесін басыңыз, содан кейін дисплейде **NUM** түймесін басыңыз.

3 Мобильді телефон экранында телефон нөмірін енгізіңіз.



Жалғасы келесі бетте

ЕСКЕРТПЕ

- Егер нөмірді енгізу кезінде қате жіберсеңіз, енгізілген цифрларды ретімен өшіру үшін [←] алаңын түртіңіз.

4 Дисплейде түймесін басыңыз.

Енгізілген телефон нөмірін шақыру басталады.

Соңғы терілген нөмірді шақыру

1 Мобильді телефон экранында түймесін түртіңіз.

Соңғы терілген телефон нөмірін шақыру басталады.

Абонентті телефон анықтамалығының көмегімен шақыру


1 Автокөліктің телефон анықтамалығының немесе мобильді телефонның телефон анықтамалығының экранын ашыңыз

→ «Телефон анықтамалығын қарау» (58-бет)

2 Дисплейден шақырғыңыз келетін абоненттің есімін таңдаңыз және түртіңіз.



3 Дисплейде терілуі тиіс телефон нөмірін түртіңіз.




4 Дисплейде түймесін басыңыз.

Таңдалған телефон нөмірін шақыру басталады.

Кіріс қоңыраулар

Дыбыс сигналы естіледі және кіріс қоңыраудың экраны ашылады.



ЕСКЕРТПЕ

- Mute алаңын түрткен кезде осы құрылғының микрофоны өшіріледі. Mute Off алаңын түрткен кезде микрофон қосылады.
- Transfer Call түймесін түрткен кезде аудиожүйенің динамиктері мен микрофоны мобильді телефонмен жұмыс істеуге ауыстырылады. Cancel Transf түймесін басқан кезде телефоннан аудиожүйенің динамиктері мен микрофонына ауысу орындалады.
- Қоңырау үшін алдыңғы қоңырау кезінде бапталған дыбыс деңгейі қолданылады. Ағымдағы қоңыраудың дыбыс деңгейі келесі қоңырау кезінде қолданылады.

Кіріс қоңырауды қабылдау

1 Рульдегі «Тұтқаны көтеру» түймесін басыңыз.

→ «Рульдегі қашықтан басқару түймелерін қолдану» (16-бет)



Енді Сіз шақырып жатқан абонентпен сөйлесе аласыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қоңырауды қабылдау үшін сондай-ақ дисплейдегі Call түймесін басуға болады.

Телефон қоңырауын аяқтау

1 Рульдегі «Тұтқаны қою» түймесін басыңыз.

→ «Рульдегі қашықтан басқару түймелерін қолдану» (16-бет)

Кіріс қоңырау аяқталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қоңырауды аяқтау үшін сондай-ақ дисплейдегі End түймесін басуға болады.

Құпиясөзді белгілеу

Бөгде тұлғалардың бұл функцияға рұқсатсыз кіруінің алдын алу үшін телефон функциясын құпиясөзбен блоктап қоюға болады.

1 Мобильді телефон экранында

Menu түймесін, содан кейін **Lock** түймесін түртіңіз.

2 Төрт цифрдан тұратын құпиясөзді енгізіңіз және дисплейде **Enter** түймесін басыңыз.



Құпиясөзді баптау аяқталды.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Құпиясөзді ұмытпаңыз. Оны телефон функциясын әрбір қолданған кезде енгізу қажет болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Құпиясөз аудиожүйені келесі жолы қосқан кезден бастап әрекет етеді.
- LOCK/OFF жұмыс режимін қосыңыз, кемінде 30 секунд күте тұрыңыз және ACC немесе ON жұмыс режимін қосыңыз. Егер ACC немесе ON жұмыс режимін тым тез қоссаңыз, жаңа баптаулар дұрыс қолданылмауы мүмкін.
- Егер құпиясөзді баптаған болсаңыз, оталдыру жүйесін қосқаннан кейін құпиясөздің дұрыс бапталғанын тексеріңіз.
- Егер құпиясөзді ұмытсаңыз, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Блоктан шығару

Құпиясөздің күшін жою функциясы қарастырылған. Бұл ретте телефон функциясын келесі жолы қолданған кезде құпиясөзді қайта енгізу қажет болмайды.

1 **HOME** түймесін басыңыз немесе дисплейде **Phone** түймесін түртіңіз.

2 Құпиясөзді енгізіңіз және дисплейдегі **Enter** түймесін түртіңіз.



3 **Menu** түймесін басыңыз, содан кейін дисплейде **Unlock** түймесін басыңыз.

Құпиясөздің күшін жою аяқталды.

Өзге ақпарат

Қосымша жабдық

Камера

Камера (артқы, бүйірлік, алдыңғы көрініс) дисплейге автокөліктің алдындағы, қапталындағы және оның артындағы кеңістіктің кескінін шығарады, бұл көзден таса аймақтарды болдырмайды. Камера типі (артқы, бүйірлік, алдыңғы көрініс) автокөлік жинақтамасына байланысты. Камераның орналасуы және оның қамту аймағы туралы ақпарат, сондай-ақ басқа да ілеспе мәліметтер нақты автокөліктің пайдалану нұсқаулығында келтірілген.

Артқа жүру берілісін қосқан кезде камерадан алынған кескінді шығару

1 Берілістерді ауыстыру иінтірегін R артқы жүріс күйіне қойыңыз.

Дисплейге артқы көрініс камерасының немесе айнала шолу жүйесінің камераларының кескіні шығарылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Берілістерді ауыстыру иінтірегін R артқы жүріс күйіне қойған кезде аудиожүйенің қосулы не өшірулі тұрғанына қарамастан дисплейге артқы көрініс камерасынан берілетін кескін шығарылады.
- Аудиожүйе өшірулі тұрғанда берілістерді ауыстыру иінтірегін «R» күйінен кез келген басқа күйге ауыстырған кезде дисплейдегі артқы көрініс камерасынан берілген кескінді көрсету экраны HOME экранына (Басты экран) ауысады. HOME экраны шамамен 10 секунд бойы көрсетіліп тұрады. HOME экраны көрсетіліп тұрған кезде мәзірден дереккөзді таңдауға болады.

Рульдегі қашықтан басқару түймелерін қолдану

1 CAMERA түймесін басыңыз.

→ «Рульдегі қашықтан басқару түймелерін қолдану» (16-бет)

Камерадан берілген кескін дисплейге камера түймесін басу арқылы шығарылады. Ол камера түймесін әрбір басқан кезде өзгереді.

Нұсқа туралы ақпарат

Сериялық нөмір

Сериялық нөмірді қарап көруіңізге болады.

1 SETTING түймесін басыңыз немесе дисплейде Version Info түймесін түрткізіз.



Сериялық нөмір көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл экранды сондай-ақ келесі түймелерді рет-ретімен басу арқылы дисплейге шығаруға болады: HOME → Setting → Version Info.

Қосымша жабдық

(Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін)

Gracenote нұсқасы


Gracenote деректер базасының нұсқасын тексеруге мүмкіндік береді.

1 USB құрылғыларының ақпараттық экранында немесе ойнату тізімінде дисплейде

Menu түймесін басыңыз.

Қосалқы мәзір ашылады.

2 Дисплейде Database түймесін басыңыз.



Gracenote деректер базасының нұсқасы бар экран ашылады.

БАПТАУЛАР

Дыбыс сапасының баптауы

Дыбыс сапасының баптауларын өзгерту.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл құрылғы өшірулі тұрған кезде дыбыс сапасын баптау мүмкін емес.

1 **SETTING** түймесін басыңыз.
Settings (Баптаулар) экранын ашу.

2 Дисплейде **Sound Control** түймесін басыңыз.





Дыбыс сапасын баптау экраны ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Сондай-ақ дыбыс сапасын баптау экранының көрсетілуін PUSH SOUND түймесін басу арқылы да шақыруыңызға болады.
Бастапқы экранға қайтып оралу үшін PUSH SOUND түймесін басыңыз.
- Бұл экранды сондай-ақ келесі түймелерді рет-ретімен басу арқылы дисплейге шығаруға болады: HOME → Setting → Sound Control.

Бапталатын параметрлер

| Баптаудың атауы | Баптаулардың параметрлері | Баптаулардың сипаттамасы |
|--|---|--|
| BALANCE/FADER (СОЛ ЖӘНЕ ОҢ ЖАҚ/АЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АРТҚЫ ДИНАМИКТЕР) | BALANCE (СОЛ ЖӘНЕ ОҢ ЖАҚ ДИНАМИКТЕР): L11–L1, 0, R1–R11 (сол жақ, оң жақ) | Әрбір динамиктің шығысындағы дыбыс деңгейін көрсеткілері бар түймелердің көмегімен реттеуге болады.  |
| | FADER (АЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АРТҚЫ ДИНАМИКТЕР): F11–F1, 0, R1–R11 (алдыңғы, артқы) | |
| EQUALIZER (ЭКВАЛАЙЗЕР) | ROCK (РОК) | Дыбыс типін таңдау. |
| | POP (ПОП) | |
| | HIP-HOP (ХИП-ХОП) | |
| | JAZZ (ДЖАЗ) | |
| | NORMAL (КӘДИМГІ) | |
| TONE (ТЕМБР) | PUNCH (АСА ТӨМЕН ЖИЛІК) ¹⁾ | Дыбыс сапасының деңгейін таңдауыңызға болады.  |
| | BASS (ТӨМЕН ЖИЛІК) | |
| | MID (ОРТАША ЖИЛІК) | |
| | TRE (ЖОҒАРЫ ЖИЛІК) | |
| SCV ²⁾ (ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІН КОМПЕНСАЦИЯЛАУ ФУНКЦИЯСЫ) | Off (Өшір.) | Автоматты түрде реттеуге арналған дыбыс деңгейін таңдау автокөліктің жылдамдығына байланысты. |
| | Low (Төмен) | |
| | Med (Орташа) | |
| | High (Жоғары) | |

Жалғасы келесі бетте

| Баптаудың атауы | | Баптаулардың параметрлері | Баптаулардың сипаттамасы |
|--|--|------------------------------|---|
| SURROUND (КӨЛЕМДІ ДЫБЫС) / POSITION (КҮЙ) ^{*1} | SURROUND TYPE (КӨЛЕМДІ ДЫБЫС ТИПІ) | DTS Neural ^{*3, *4} | Көлемді дыбысталу типін таңдау. |
| | | PremiDIA WIDE | |
| | | Off (Өшір.) | |
| | LISTENING POSITION (ТЫҢДАУШЫНЫҢ КҮЙІ) | Front (Алдыңғы жақта) | Дыбыс өрісінің типін таңдау |
| | | Driver (Жүргізуші) | |
| | | All (Бәрі) | |
| OTHERS ^{*1} (ӨЗГЕСІ) | SCV (Дыбыс деңгейін компенсациялау функциясы) | Off (Өшір.) | Автоматты түрде реттеуге арналған дыбыс деңгейін таңдау автокөліктің жылдамдығына байланысты. |
| | | Low (Төмен) | |
| | | Med (Орташа) | |
| | | High (Жоғары) | |
| | PremiDIA HD ^{*3, *4, *5} | Off (Өшір.) | Аудиодеректерді сығымдау барысында жоғалтылған жоғары жиіліктерді толықтырудың есебінен қанық және терең дыбыс сезімін алуға арналған компенсациялау деңгейін таңдауға мүмкіндік береді. |
| | | Low (Төмен) | |
| | | High (Жоғары) | |
| | Dolby Volume ^{*4} (Dolby дыбыс деңгейі) | Off (Өшір.) | Нақты уақыт режимінде автоматты баптау деңгейін таңдауға мүмкіндік береді, ол әртүрлі дыбыс деңгейі бар әртүрлі жазбалар мен дыбыс көздері үшін шығыста бірдей дыбыс деңгейін қамтамасыз етеді. |
| | | Low (Төмен) | |
| | | Med (Орташа) | |
| | | High (Жоғары) | |

^{*1} Премиум сыныпты аудиожүйесі (сабвуфері) бар автокөліктерге ғана арналған баптау.

^{*2} Премиум сыныпты аудиожүйесі (сабвуфері) бар автокөліктерде кескін көрсетілмейді.

^{*3} DTS Neural және PremiDIA HD функцияларын бір мезгілде қолдануға болмайды.

^{*4} Егер дыбыс көзі аналогтік радио болса, бұл функциялар өшіріледі.

^{*5} Бұл функция сығылмаған аудиодеректер үшін де қолданыла алады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Dolby Volume баптауларының параметрлері дыбысталу сапасын жақсартпай тұрғанын сезсеңіз, бұл баптауды өшіріп қойыңыз (Off).


Жүйе баптаулары

Жүйелік дыбыстардың дыбыс деңгейі және уақыт секілді жүйе баптауларын өзгертуге болады.

1 **SETTING** түймесін басыңыз.

Settings (Баптаулар) экранын ашу.

2 Дисплейде **System Setting** түймесін басыңыз.



Жүйе баптаулары экраны ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл экранды сондай-ақ келесі түймелерді рет-ретімен басу арқылы дисплейге шығаруға болады: HOME → Setting → System Setting.

Дыбыс

Бұл баптаулар экраны Beep/Tel Setting (Дыбыс сигналдарының/телефонның баптаулары) түймесін түрткен кезде көрсетіледі.







| Баптаудың атауы | Баптаулардың параметрлері | Баптаулардың сипаттамасы | |
|---|---------------------------|---|--|
| Operation Volume (Жүйелік дыбыстардың дыбыс деңгейі) | Off (Өшір.) | Жүйелік дыбыстардың дыбыс деңгейін баптау үшін [1] – [3] түймелерінің бірін басыңыз. Сан неғұрлым үлкенірек болса, дыбыс соғұрлым жоғары. | |
| | 1 | Off (Өшір.) түймесін басқан кезде жүйелік дыбыстар өшіріледі. | |
| | 2 | | |
| | 3 | | |
| Tel Speaker Setting ^{*1,*2} (Телефон динамигінің баптаулары) | On (Қос.) | Mute (Өшір.) | Қоңырау кезінде аудио ойнату дыбысы өшіріледі. |
| | | ATT | Қоңырау кезінде аудио ойнату дыбысының деңгейі бәсеңдетіледі. |
| | | FL | Кіріс қоңыраудың дыбысы алдыңғы сол жақ динамик арқылы ойнатылады. |
| | | FR | Кіріс қоңыраудың дыбысы алдыңғы оң жақ динамик арқылы ойнатылады. |
| | | Front | Кіріс қоңыраудың дыбысы алдыңғы динамиктер арқылы ойнатылады. |
| | Off (Өшір.) | Автокөлік динамиктері қолданылмайды. | |

^{*1} Hands-free (дауысты байланыс) жабдығы (бөлек сатылады) жалғанған болуы тиіс.

^{*2} Автокөліктер жинақтамасына байланысты жабдықталатын Bluetooth® 2.0 жүйесімен бірге орнатыла алмайды.

Сағатты баптау

Бұл баптаулар экраны Time Setting (Уақытты баптау) түймесін басқан кезде көрсетіледі.

| Баптаудың атауы | Баптаулардың параметрлері | Баптаулардың сипаттамасы |
|---|--|--|
| Time Adjustment (Уақытты баптау) | Time (Уақыт) |  <p>Күнді және уақытты өзгерту үшін  және  түймелері қолданылады.</p> |
| Time Display Setting (Уақыттың көрсетілуін баптау) | Date/ Time Format (Күн және уақыт форматы) |  <p>Күн және уақыт форматын баптау.</p> |
| | Clock Time (Сағат) | <p>Time (Уақыт)</p> <p>12 сағаттық немесе 24 сағаттық уақыт форматын таңдау.</p> <p>Сағаттың көрсетілуін қосу және өшіру.</p> |
| | On (Қос.) Off (Өшір.) | |

Қосымша жабдық

(Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін)

Тіл

Бұл баптаулар экраны Voice Control Language (Дауыспен басқаруға арналған тіл) түймесін басқан кезде көрсетіледі.



Бұл жерде дауыспен басқару үшін қолданылатын тілді таңдауға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Clock Time функциясы көрсетіліп тұрған уақыттың RDS желісі арқылы қабылданатын деректер бойынша синхрондалуын қамтамасыз етеді. Бұл функция қосулы тұрған кезде, кейбір радиостанциялар уақыт туралы бұрыс деректер жібергендіктен, дисплейде бұрыс уақыт көрсетіліп тұруы мүмкін. Мұндай жағдайда Clock Time функциясын өшіріп қою және дұрыс уақытты белгілеу қажет.

ЕСКЕРТПЕ

- Сондай-ақ CLOCK түймесін басу арқылы да сағатты баптау экранының көрсетілуін шақыруыңызға болады.

Сыртқы AUX аудиокірісі арқылы жалғанған құрылғыны баптау

Сыртқы AUX аудиокірісін қосып және өшіріп қоюға болады.



ЕСКЕРТПЕ

- ON (Қос.) мәнін таңдаған жағдайда тіпті автокөлік сыртқы AUX аудиокірісімен жабдықталмаған болса да, үстіңгі мәзірде AUX жазбасы көрсетіледі. Дәл сол кезде осы түймені басу ойнатуға алып келмейді.

Өзге баптаулар

Бұл баптауларды жүйе экранында немесе Bluetooth құрылғысында орындауға болады.

Дисплейді өшіру

Бұл функция дисплейді өшіру үшін қолданылады.

1 **SETTING** түймесін басыңыз.

Settings (Баптаулар) экранын ашу.

2 Дисплейде **Display Off** түймесін басыңыз.



Бұл функция дисплейді өшіру үшін қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл экранды сондай-ақ келесі түймелерді рет-ретімен басы арқылы өшіруге болады: HOME → Setting → Display Off.
- Дисплейді қайта қосу үшін дисплейді түртіңіз немесе HOME түймесін (Басты экран) басыңыз.


Контрастілік

Мәзір экрандары мен басқа да элементтер үшін жарықтықты, контрастілікті және қара түс деңгейін баптаңыз.

1 **SETTING** түймесін басыңыз.

Settings (Баптаулар) экранын ашу.

2 Дисплейде **Color Contrast** түймесін басыңыз.



| Баптаудың атауы | Баптаулардың сипаттамасы |
|---------------------------------------|--|
| Brightness (Жарықтық) | Жарықтықты баптау. [+] түймесі жарықтықты ұлғайту, ал [-] түймесі оны азайту үшін қолданылады. Түймені ұзақ басып тұрған кезде мәннің үздіксіз өзгеруі орын алады. |
| Contrast (Контрастілік) | Контрастілікті баптау. [+] түймесі контрастілікті ұлғайту, ал [-] түймесі оны азайту үшін қолданылады. Түймені ұзақ басып тұрған кезде мәннің үздіксіз өзгеруі орын алады. |
| Black Level (Қара түс деңгейі) | Қара түс деңгейін баптау. [+] түймесі қара түс деңгейін ұлғайту, ал [-] түймесі оны азайту үшін қолданылады. Түймені ұзақ басып тұрған кезде мәннің үздіксіз өзгеруі орын алады. |

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл баптауды келесі түймелерді рет-ретімен басы арқылы өзгертуге болады: HOME → Setting → Color Contrast.


Сағат бастама беті

Бүкіл экран бетінде сағаттың көрсетілуі.

1 **SETTING** түймесін басыңыз.

Settings (Баптаулар) экранын ашу.

2 Дисплейде **Clock Screen** түймесін басыңыз.



Сағат көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл баптауды келесі түймелерді рет-ретімен басы арқылы өзгертуге болады: HOME → Setting → Clock Screen.
- Дисплейді түрткен кезде бастапқы экранға қайтып оралу орындалады.
- Сағаттың көрсетілу форматын өзгертуді System Setting (Жүйе баптаулары), Time Setting (Уақытты баптау) және Time Display Setting (Уақыттың көрсетілуін баптау) функцияларының көмегімен орындауға болады.
→ «Сағатты баптау» (68-бет)

RDS баптауы

Жол қозғалысы туралы хабарламалар тарататын радиостанцияны автоматты түрде баптау параметрлерін, бағдарлама атауының көрсетілу және станцияға ауыстырып қосу параметрлерін өзгерту.

1 **SETTING** түймесін басыңыз.

Settings (Баптаулар) экранын ашу.

2 Дисплейде **RDS Setting** түймесін басыңыз.

3 Жеке параметрлерге баптау жүргізіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- RDS баптауы сондай-ақ радиоқабылдағыштың ақпараттық экранындағы Setting түймесін түрту ақылы да жүзеге асырылады (26-бет).
- Бұл баптауды келесі түймелерді рет-ретімен басу арқылы өзгертуге болады: HOME → Setting → RDS Setting.

| Баптаудың атауы | Баптаулардың параметрлері | Баптаулардың сипаттамасы |
|-----------------|---------------------------|---|
| AF Check | On (Қос.) | Ең үздік сигналы бар радиостанцияның ойнатылуын қолдау функциясын қосу немесе өшіру. |
| | Off (Өшір.) | |
| Reg | On (Қос.) | Аймақтық радиостанцияларды қабылдауды шектеу функциясын қосу немесе өшіру (AF Check функциясы қосулы тұрғанда). |
| | Off (Өшір.) | |
| TP Standby | On (Қос.) | Жол қозғалысы туралы хабарламалардың автоматты түрде көрсетілуін қосу және өшіру. |
| | Off (Өшір.) | |
| PTY Language | (Тілдер) | PTY сүзгісіне арналған тілдің көрсетілуін өзгерту. |

DAВ баптауы

Арнаны және арнаның қолданылатын диапазонын автоматты түрде баптауды белгілеуіңізге болады.

1 HOME түймесін басыңыз.

Дисплейге HOME экраны (Басты экран) шығарылады.

2 DAB түймесін, содан кейін дисплейде Setting түймесін түртіңіз.

3 Жеке параметрлерге баптау жүргізіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- PTY Language аймағының көмегімен PTY (бағдарлама типі) сүзгісінде қолданылатын тілді өзгертуге болады.
- Егер DAB-DAB Link параметріне On (Қос.) мәні берілсе, DAB Link функциясы жұмыс істемей мүмкін (аймаққа байланысты).

Bluetooth баптауы

(Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін)

Bluetooth функциясы осы құрылғыға Bluetooth интерфейсі бар кез келген құрылғыны жалғау үшін қолданыла алады.

Bluetooth дегеніміз не?

Bluetooth – құрылғыларды шағын қашықтықтарда (бірнеше метр) бір-біріне қосу үшін қолданылатын сымсыз байланыс стандарты. Байланыс үшін радиотолқындар қолданылады, сондықтан байланыс бағытталмаған сипатта болады. Стандарт сипаттамаларының арқасында байланыс типті құрылғылар арасында кедергілер болған жағдайда да қамтамасыз етіледі. Бұл, мысалы, көйлектің қалтасында, портфельде немесе иыққа асынатын сөмкеде орналасқан мобильді телефонмен байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл құрылғы 2.0 + EDR нұсқасының стандартын қолдайды.

Істейтін профильдер

| | |
|--------------------------------------|-----------------------------|
| Bluetooth AUDIO | A2DP (v1.0) AVRCP (v1.3) |
| Hands-free (Дауысты байланыс) | HFP (v1.5) |
| Телефон анықтамалығын көшіру | OPP (v1.1) PBAP (v1.0) |

- Телефонның пернетақтаны блоктау секілді функцияларын өшіріп қойыңыз және оны күту режимінің экраны көрсетіліп тұрған кезде жүйеге жалғаңыз.
- Bluetooth интерфейсі бар құрылғы жүйеге жалғанып тұрған кезде оның функциялары (қоңырауларды қабылдау және т. с. с.) дұрыс жұмыс істемей мүмкін.
- Bluetooth интерфейсі бар құрылғының құпиясөзін енгізу туралы толығырақ ақпаратты құрылғының пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.
- Кейде байланыс үзіліп кетуі мүмкін. Қайтадан қосылу әрекетін жасаңыз.
- Жүйе мен Bluetooth құрылғысының арақашықтығына, автокөлік ішіндегі жағдайларға және кедергілердің бар-жоғына байланысты байланыс орнатылмауы мүмкін. Мұндай жағдайда құрылғыны аудиожүйеге мүмкіндігінше жақынырақ орналастыру қажет.
- Типті Bluetooth интерфейсі бар құрылғы қолданылған жағдайда да құрылғының параметрлері мен техникалық сипаттамаларына байланысты барлық функциялардың дұрыс жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді.
- Кейбір Bluetooth құрылғылары қосылмауы мүмкін.
- Bluetooth құрылғысына байланысты қосылыс біршама уақытты алуы мүмкін.
- 7-ге дейін Bluetooth құрылғысын тіркеуге болады. Егер жүйеде 7 құрылғы тіркеліп қойған болса, жаңа құрылғыны қоспас бұрын тіркелген құрылғылардың бірін өшіру қажет.

Bluetooth құрылғысын тіркеу

Bluetooth құрылғысын осы құрылғыға тіркеу.

1 **SETTING** түймесін басыңыз.


Settings (Баптаулар) экранын ашу.

2 Дисплейде **Bluetooth Setting**

түймесін басыңыз.

3 Дисплейде **Pair Device** түймесін басыңыз.

4 Экранда көрсетілген құпиясөзді Bluetooth құрылғысына енгізіңіз.



Қосылу аяқталғаннан кейін таңдалған Bluetooth интерфейсі бар құрылғының экраны көрсетіледі. Толығырақ ақпарат Bluetooth құрылғысының пайдалану нұсқаулығында келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл экранды сондай-ақ келесі түймелерді рет-ретімен басу арқылы дисплейге шығаруға болады: HOME → Setting → Bluetooth Setting.
- Құрылғыны жалғағаннан кейін телефон анықтамалығын импорттауға болады.
- Егер дұрыс емес құпиясөз енгізілген болса, Bluetooth құрылғысымен талап етілетін әрекеттерді басынан бастап қайталаңыз.
- Кейбір Bluetooth құрылғылары арнайы құпиясөзді енгізуді талап етеді.
- Bluetooth құрылғысының баптауларына байланысты құпиясөзді енгізу құрылғыны әрбір жалғаған сайын талап етілуі мүмкін.
- Құрылғының пайдалану нұсқаулығына сәйкес құпиясөзді енгізу бойынша әрекеттерді жасаңыз.

Bluetooth құрылғысын таңдау

Егер жүйеде бірнеше Bluetooth құрылғысы тіркелген болса, жалғау үшін олардың бірін таңдау қажет. (Алдағы уақытта құрылғы жүйенің әрекет ету аймағына кірген кезде осы функцияның көмегімен бапталған Bluetooth құрылғысына қосылу бірден орындалатын болады).

1 **SETTING** түймесін басыңыз.

Settings (Баптаулар) экранын ашу.


2 Дисплейде **Bluetooth Setting** түймесін басыңыз.

3 Дисплейде

Select Device to Connect

түймесін басыңыз.

4 Қосылу қажет құрылғының атауын түртіңіз.



5 Дисплейде **Connect Telephone**

не **Connect Audio** түймесін басыңыз.


Bluetooth құрылғысының дауысты байланыс (hands-free) функциясын қолдану үшін Connect Telephone (Телефонды жалғау) тармағын, ал Bluetooth арқылы дыбыс тасымалын қолдану үшін Connect Audio (Аудиоқұрылғыны жалғау) тармағын таңдаңыз.

6 **Enter** түймесін басыңыз, содан кейін дисплейде **Yes** түймесін басыңыз.

Bluetooth құрылғысын таңдау аяқталды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Bluetooth құрылғысы дауысты байланыс және дыбыс тасымалдау функциясын қолдауға қабілетті болса, бір құрылғыны таңдауға болады. Бұл жағдайда дисплейде келесілер көрсетіледі:



- Егер Voice Tag (Дауысты белгі) түймесін түртсеңіз, құрылғының атауын дауыспен беруге болады. Осыдан кейін құрылғыны таңдау үшін дауыспен басқаруды қолдануға болады (17-бет).

4 Төрт цифрдан тұратын құпиясөзді енгізіңіз және дисплейде **Enter** түймесін басыңыз.

Кұпиясөзді баптау аяқталды.

Құпиясөзді белгілеу

Құпиясөзді белгілеңіз (әдепкі қалып бойынша қолданылатын зауыттық құпиясөз: 1212).

1 **SETTING** түймесін басыңыз.

Settings (Баптаулар) экранын ашу.

2 Дисплейде **Bluetooth Setting** түймесін басыңыз.

3 Дисплейде **Set Passkey** түймесін басыңыз.

Өзге ақпарат

Ақауларды іздеу және жою

Экранда хабарлама пайда болған немесе ақаулық байқалған жағдайда әрі қарай келтірілген тармақтарды тексеріңіз.

Хабарлама пайда болса

Жағдайға байланысты осы құрылғының экранында хабарламалар пайда болады.

| Хабарлама | Себебі | Әрекеттер |
|---|--|---|
| Механизмнің ақаулығына байланысты ойнату мүмкін емес. | Қандай да бір себепке байланысты жетектің ақаулығы. | Дискінің бүтіндей дұрыс қалпында екеніне көз жеткізіңіз және оны қайтадан құрылғыға салыңыз. Егер проблема бұрынғы қалпында қалса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. |
| | Диск зақымдалған немесе деформацияланған. | Зақымдалған немесе деформацияланған диск салмаңыз. |
| Аккумулятор батареясының төмен кернеуіне байланысты ойнату мүмкін емес. | Автокөліктің аккумулятор батареясының кернеуі төмен. | Аккумулятор батареясын тексеріңіз. |
| Ойнату мүмкін емес. Дискіні тексеріңіз. | Оқылуы мүмкін емес диск салынған. | Оқылатын диск салыңыз. → «Жүйеде істейтін компакт-дискілердің түрлері» (19-бет) |
| | Диск аударылған күйде салынған. | Дискіні заттаңбасын жоғары қаратып салыңыз. |
| | Дискінің бетінде конденсат бар. | Дискіні қайта салмас бұрын аз уақыт күте тұрыңыз. |
| | Диск ластанған. | Дискінің жұмыс бетін тазалаңыз. |
| Жоғары температураға байланысты ойнату мүмкін емес. Дискіні шығарыңыз және сәл күте тұрыңыз. | Осы құрылғының ішіндегі температура тым жоғары. | Дискіні шығарып алыңыз және температураның жұмыс мәніне дейін төмендеуін күтіңіз. |
| Осы iPod құрылғысынан ойнатуды орындау мүмкін емес. | Авторизация орындалмады. | iPod ойнатқышын ажыратыңыз және қайтадан қосыңыз. |
| | Жалғанған iPod-тың форматын құрылғы қолдамайды және анықтай алмайды. | Осы аудиожүйемен жұмысты қолдайтын iPod құрылғысын қолданыңыз (6-бет). |
| | iPod бағдарламалық құралының нұсқасы ескірген. | Бағдарламалық құралдың істейтін нұсқасын пайдаланыңыз. |

| Хабарлама | Себебі | Әрекеттер |
|--|---|--|
| Осы USB құрылғысынан ойнатуды орындау мүмкін емес. | Жалғанған USB құрылғысы істемейді. | Істейтін USB құрылғысын жалғаңыз. → «USB құрылғыларын қолдану» (48-бет) |
| Ойнатуға арналған деректер жоқ. | Ойнатуға болатын аудиофайлдар жоқ. | Ойнатуға болатын аудиофайлдарды қосыңыз. → «Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)» (20-бет) |
| | Жалғанған iPod құрылғысында жазбалар жоқ. | Ішінде жазбалары бар iPod құрылғысын жалғаңыз. |
| Ойнату мүмкін емес. | Форматтары істемейтін аудиофайлдарды ойнатуға әрекет жасалды. | Аудиофайлдарды ойнатуға болатынына көз жеткізіңіз. → «Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)» (20-бет) |
| | Қорғалған аудиофайлдарды ойнатуға әрекет жасалды. | Авторлық құқықпен қорғалған файлдарды ойнатуды орындау мүмкін емес. Авторлық құқықпен қорғалмаған файлдарды қолданыңыз. |
| | Аудиофайл бүлінген. | Бүлінбеген аудиофайлдарды қосыңыз. |

Ақаулық пайда болса

Төменде ақаулықтардың белгілері, себептері және оларды түзетуге арналған іс-әрекеттер келтірілген.

| Белгілер | Себебі | Әрекеттер |
|--|--|---|
| Аудиожүйе әрекеттерге жауап бермейді. | Қауіпсіздік мақсатында автокөліктің қозғалысы кезінде кейбір әрекеттерді орындауға тыйым салынған. | Жүргізушіге автокөліктің қозғалысы кезінде құрылғымен қандай да бір әрекет жасауға кеңес берілмейді. Алдымен автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін құрылғымен әрекеттер жасаңыз. |
| Ойнату кезінде дыбыс шықпайды. | Дыбыс деңгейі Off (Өшір.) мәніне қойылған. | Sound (Дыбыс) терезесінде Operation Volume (Дыбыс деңгейі) мәнін 1-ден 3-ке дейін белгілеңіз. → «Дыбыс» (67-бет) |
| Экранда кескіндер жоқ. | Экран өшірулі. | Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз және экранды қосуға қажетті әрекеттерді орындаңыз (70-бет). |
| | Автокөліктің аккумулятор батареясының кернеуі төмен. | Аккумулятор батареясын зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз. |
| | Осы құрылғының ішіндегі температура тым жоғары. | Температураның төмендеуін күтіңіз. |
| Дисплей экраны тым күңгірт. | Дисплейдің жарықтығы дұрыс бапталмаған. | Дисплейдің жарықтығын баптаңыз. → «Контрастілік» (70-бет) |
| Дыбыстың болмауы немесе тым бәсең дыбыс. | Минималды дыбыс деңгейі таңдалған. | Дыбыс деңгейін реттеңіз. → «Дыбыс деңгейін реттеу» (14-бет) |
| | Теңгерім реттегіші бір жағына қарай соңына дейін жылжытылған. | Дыбыс теңгерімін реттеңіз. → «Дыбыс сапасының баптауы» (65-бет) |
| | Аудиожүйе өшірулі. | Аудиожүйені қосыңыз. → «Құрылғыны қосу және өшіру» (14-бет) |
| Құрылғы дискіні ойната алмай жатыр. | Диск аударылған күйде салынған. | Дискіні заттаңбасын жоғары қаратып салыңыз. |
| | Дискінің бетінде конденсат бар. | Дискіні қайта салмас бұрын аз уақыт күте тұрыңыз. |
| | Диск ластанған. | Дискінің жұмыс бетін тазалаңыз. |





«ММС Каз» ЖШС
MITSUBISHI MOTORS КОМПАНИЯСЫНЫҢ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІКТЕРІ
Тел.: 8 (800) 070-70-00
www.mitsubishi-motors.kz

OMDK21E1
Қазақша